

ТАРИХ  
ЖЕЛІСІН  
ӨЗГЕРТКЕН  
ШЫНДЫҚ



ДЖОШ ЖӘНЕ ШОН  
МАКДАУЭЛЛ

ТАРИХ  
ЖЕЛІСІН  
ӨЗГЕРТКЕН  
ШЫНДЫҚ



ДЖОШ ЖӘНЕ ШОН  
МАКДАУЭЛЛ

# МЕНІҢ ЖЕКЕ САЯХАТЫМ

*Мәсіхшілікті  
жоққа шығарудағы күресім  
немен аяқталды?*

Джош Макдауэлл

Келлогг колледжінде оқып жүргенде, болашақта саясатпен айналысамын деп шешім қабылдап, заң факультетіне түсуге дайындалып жүрген кезім еді. Сол кезде-рі өзіммен бірге оқитын студенттердің арасында өзгелерден ерекшеленіп тұратын бір топ студенттер бар еді. Олар менің назарымды қайта-қайта өздеріне аударта берді. Өйткені олар ақша, жетістік немесе атақ-даңқ үшін өмір сүруді емес, бір-біріне шынайы жылулық танытып, сүйіспеншілікпен өмір сүруді мақсат еткендер еді. Ал өзім туралы айтар болсам, мен тұрмысы нашар

отбасында өстім. Бала кезімде мені бірнеше жылдар бойы әр апта сайын біздің қожалықта жұмыс істейтін Уэйн Бейлиден зорлық пен қорлықты көрген болатынымын. Сол себептен болар мен олардың бір-біріне деген қарым-қатынастарындағы айқын сезілетін сүйіспеншілікті қатты қаладым. Олардың барлық адамдарға деген сүйіспеншілігі — өздерінің топ мүшелеріне болсын, айналадағы адамдарға болсын — маған таңсық нәрсе болып көрінді. Бірақ ешнәрсеге қарамастан мен мұндай сүйіспеншілікті қатты *аңсаған едім*.

Алайда, бұған қоса, мен күмәншіл адам едім, өзіме деген сенімділіктің жоқтығына қарамастан, жауап қайтаруда шебер болдым. Мен олардың жүрегімнің түбінде жасырып жүрген ауыр жарам туралы білгендерін қаламадым. Сол себепті олардың кұпиясын ашу мақсатында олармен дос боламын деп шештім. Бірде біз студенттер одағында үстел басында отырған кезде мен күтпеген жерден осы топтағы бір қызға: «Оның кампустығы басқа студенттер мен оқытушылардан ерекшелігі неде?», — деп

сұрақ қойдым. Сырттай бұл сұрақты жай сұрай салғандай болып көрінгеніммен, іштей соны қатты білгім келді. Ол сәл күлімсіреп, менің көзіме тіке қарап, біздің кампустан өмірі естіп көремін деп ойламаған екі сөзді жауап ретінде айтты. Оның айтқан сөздері:

— Иса Мәсіх.

Осы сөздерді естігенімде, бірден еш ойланбастан былай дедім:

— Тек дін туралы осы бос сөздердің бәрін айтпай-ақ қойыңызшы. Дінге де, қауымға да, тіпті Киелі кітапқа да тойып болдым — дей бергенімде.

Айтқан сөздерім оның жанды жеріне тиген болар, өйткені ол қызуланып былай деп қарсыласты:

— Мырза, мен бұл жерде сізге дін туралы емес, Иса Мәсіхтің жеке тұлғасы туралы айтып отырмын, — деді.

Шынымды айтсам, мен әдейі дәрекілік танытамын деп те ойлаған жоқпын, сондықтан әдепсіздігім үшін бірден кешірім сұрадым. Бірақ сол кездегі көзқарасым мәсіхшілердің барлығы жолы болмайтын

адамдар, ал діннен тіптен жүрегім айнып-тындай болатын. Екі мың жыл бұрын қайтыс болған адамның бүгінгі өміріме қандай қатысы бар?

Мені таңқалдырғаны, бұл топ студенттері мені білім жағынан сынға алып: Иса Мәсіхтің Өзі туралы айтқанының растығына көз жеткізуге қалай қарайсыз? — деді олар.

Киелі жазбалардың тарихи айғақтары, Мәсіхтің құдайлығын және Оның қайта тірілуін зерттеу шынымен де оңай шаруа емес болатын. Алайда өзімнің дұрыстығымды дәлелдеу үшін колледжді тастап, табысты бояу бизнесінен жинаған ақшамды пайдаланып, мәсіхшілікті жоққа шығаратын дәлелдер жинау үшін Америка Құрама Штаттары, Англия және Таяу Шығысқа қарай жол тарттым. Қазіргі заманда бұл туралы ақпараттың көп бөлігін кітаптардан, жергілікті кітапханалардан және Ғаламтордан тауып алуға болады. Бірақ 1950-жылдары бұл ақпараттарды бүкіл әлемдегі бар кітапханалар мен университеттерден ғана таба алатын едік. Мен мәсіхшілікті мазақ етуді

мақсат етіп өз саяхатымды бастаған болатынмын. Алайда менің осы саяхатымдағы ашқан жаңалығым өмірімді түбегейлі өзгертті деп айтсам да болады.

Ол кез Лондондағы кітапханалардың бірінде жалғыздықта, көп айлық зерттеулерден шаршап отырған кештердің бірі еді. Кенеттен құлағыма бір дауыс естілді. Әдетте мен ешқандай дауыстарды естімейтінмін, сондықтан бұл жайт мені есеңгіретіп жіберді. «Джош, сен әлі күнге дейін нақты ешбір дәлел таба алмадың», — деді дауыс. Бұл дауысқа қандай да бір жауап қайтарудан тайсалдым. Өйткені менің мақсатым мәсіхшілікті қабылдау емес, оны жоққа шығару болатын. Ең қызығы, сол кештен кейін мен күнделікті сол дауысты қатты, одан да қаттырақ ести бастадым! Мәсіхшілікті жоққа шығаратын материалдарды тереңірек зерттеген сайын, олар мені өз мақсатыма қарама-қайшы қорытынды жасауға итермеледі.

Менің мақсатым мәсіхшілікті жоққа шығару еді, бірақ жасаған зерттеулерім мені Киелі кітапқа, Исаның Құдай екеніне

және үшінші күн дегенде Ол қайта тірілгеніне сенуге болады деген қорытындыға әкелді.

Алайда, бұл шындық маған ашылған кезде де, өз өмірімді Мәсіхтің соңынан еруге арнауға бастапқы кезде мүлдем дайын емес едім. Адамдардың мен туралы не ойлайтындарынан және мәсіхші болудың құны қандай болатынынан қатты қорықтым. Бірақ қазір, өмірімнің елу жылын Мәсіхке арнағанымнан кейін, бұл қабылдаған шешімнің өмірімдегі ең керемет шешім болғанын шын жүректен мойындаймын. Мәсіхшіліктің ақиқаттылығының осы бір дәлелдері менің назарымды өздеріне аударды, бірақ жүрегімді жаулап алған нәрсе — менің сапарымның басында сол колледж студенттерінің өмірінде айқын байқалған Құдайға деген сүйіспеншілік еді.

«Қайта тірілу және сіз» — бұл ұлым Шон екеуіміз бірлесіп жазған кітап. Егер сіз Мәсіхке сенсеңіз, онда бұл кітап сіздің сеніміңіз берік негізге негізделгенінің нақты дәлелдерін ұсынады деп сенеміз. Егер кітаптағы берілген дәлелдермен келісетін

болсаңыз, онда бұл кітапты мәсіхші емес досыңызбен бөлісесіз деп үміттенеміз.

Ал егер сіз мәсіхшілікке күмәнмен қарайтын болсаңыз, онда сізден бар сұрайтынымыз — оны еш болжамсыз оқып шығыңыз. Егер Иса шынымен өлімнен қайта тіріліп, Өзінің Құдай екенін дәлелдесе (қараңыз: Рим. 1:4), онда осы өмірде Оған еруден маңызды ештеңе жоқ болар. Ал егер Иса өлімнен қайта тірілмеген болса, онда сіздің жоғалтатын ешнәрсеңіз жоқ — бәлкім, бұл жай ғана орынсыз әзілдің болғаны шығар.

Бұл дүниені Иса Мәсіх өзгерткендей ешкім де өзгерткен емес. Ол әлі де өмірлерді өзгерту үшін бар күшін салуда. Осы кезекте, қайта тірілудің дәлелдеріне көз жүгіртіп, олардың сіздің өміріңізде қандай маңыздылығы бар екенін бірге анықтайық.

# І - Тарау

## ҚАЙТА ТІРІЛУ НЕГЕ МАҢЫЗДЫ?

*Әлемнің жалғыз үміті*

**Б**ір қыздың атеистік веб-сайтқа жазған мына бір пікіріне назар аударыңыз:

Мен абдырап тұрмын... Ғылым менің барлық мәселелерімнің панаңеясына айналатынына әрдайым сенімді болатынмын, бірақ мәңгілік өмір болмаса, онда осы сүріп жатқан өмірімді жалғастырудың не мәні бар?! Менің ойымша, осы мәнсіздіктің арасынан өмір сүруге деген жолды өз бетіммен іздеуім керек. Бар арманым, мәңгілік өмірге бағыттайтын жолды көрсетіп жіберетін біреу болса екен деймін. Егер ғылым еш жауап бере алмаса, онда бұған кім жауап бере алады?! Сіздерге

біздің өмірімізге әсер ете алатын бір жоғары күш бар сияқты боп көрінбей ме? Ғылым болса жоқ дейді... жақсы, жоқ болса, онда расымен де жоқ болғаны<sup>1</sup>.

Осы қыздың ой-тұжырымы, сағынышы сізге тансық емес шығар? Атеистік әлемнің мәні бар ма деп өміріңізде ойлап көрдіңіз бе? Тіпті ұлы әрі ықпалды философ Бертран Расселдің өзі де атеистік әлемнің мәнсіз екенін түсінді<sup>2</sup>.

Бүгінгі біздің мәдениетімізге жетіспейтін нәрсе «үміт» дер едім. Егер өмір қазір шаршаған планетада көрініп тұрғандай бола берсе, басқа ешнәрсе жоқ болса, онда өмірдің шынымен де еш мәні жоқ болғаны ғой және жоғарыда өз пікірін қалдырып кеткен қыз сияқты «бізге керек жолды өз бетімізбен іздеуіміз» керек. Ол осы өмірге мән бере алатын жалғыз нәрсе «*мәңгілік өмір*» екенін түсінді. Бір кездері ғылым адамдардың мәңгі өмір сүруіне жол ашады деп үміттенген, бірақ уақыт өте келе ғылымның бұған қабілетсіз екенін түсінді.

Ертеде, әлемді жақсы жаққа өзгертетін бір Адам өмірге келетініне қатты сенетін,

тіпті ол Адамға үміт артатын ынтымағы жарасқан адамдар тобы болған. Ыстық сеніммен біріктірілген бірнеше яһудилер Иса есімді адамды Мәсіх — оларды Рим билігінен босатып, жер бетінде мәңгілік және шынымен әділ патшалық құратын Құтқарушы деп сенді. Олардың пайғамбары Ишая ежелгі яһудилер жазбаларында Мәсіх осы әлемге келіп, бәрін жұмақ қандай болса, дәл сондай етіп өзгертеді және бұдан былай ешқандай соғыс болмайды, ешқандай қысым, қорқыныш, өлім болмайды деп болжаған (қараңыз: Ишая 11, 35). Барлығы бір-бірімен мәңгілікке бейбіт өмір сүреді.

Римдік айқыш ағашта өлім жазасына кесілген Мәсіхтің кәдімгі қылмыскер сияқты соңғы демін қалай шығарып жатқанын өз көздерімен көргенде, Исаның ізбасарларының осы шағын тобының психикалық және эмоционалдық жағдайы қаншалықты қорқынышты болғанын елестетіп көріңізші. Олар Оның соңынан еру үшін бәрін тастады. Бірақ қазір Ол айқышқа шегеленді. Өліп барады! Олардың Оған артқан үміттері Онымен бірге сөнді. Оның ізбасарлары

өздерін жоғарыда мысал ретінде келтірген қыз сияқты сезінген болар. Өмірлері мағынасыз болып көрінді. Еш үміт қалмады. Олардың бұл жағдайы, мінсіз, мәңгілік өмірге жол жоқ сияқты болып көрінді.

Мағдалалық Мәриям да Иса Мәсіхтің ізбасарларының бірі болды. Ол өзінің қызметінде қаржылай қолдау көрсетті және ол Исаны күнәнің билігіндегі жер әлемінде мәңгілік тыныштық орнату үшін Құдайдың таңдаған Адамы деп сенді. Ол айқыш ағашының қасында тұрып, Ұстазының қатыгездікпен жазалануын өз көзімен көрді. Бұл ауыр соққы оның бар өмірін мүлдем жойып жібергендей болды. Римдіктер Исаны өлді деп шешкеннен кейін, олар Оны айқыштан түсіріп алып, денесін жаңа қабірге жерлеу үшін бай яһуди ақсақалына табыстап берген еді. Бұл жан түршігерлік көріністі бұдан әрі көруге шыдай алмаған, Мәриям жерлеу рәсімі аяқталғаннан кейін оның қабіріне келемін деп шешіп, ол жерден кетіп қалды. Жексенбі күні таңертең ерте ол Мәсіхтің қабіріне барды, сонда оны тағы бір қатты соққы күтіп тұрған еді. Иса Мәсіх әділетсіз

өлтіріліп қана қоймай, мағдалалық Мәриям қабірдің сырты ашық екенін және ішінде Оның денесі жоқ екенін көріп қатты мазасызданды. Мәйітті біреу ұрлап алды деп қорқып, көргендерін айту үшін Исаның екі ізбасары Петір мен Жоханға жүгіріп барды. Ол екеуі оның сөзіне сенбей абдырап, айтқандарының растығын тексеру үшін қабірге қарай жүгірді.

Қабірге келген кезде олар мәйіт оралған матаның мыжылып жатқанын, ал Иса Мәсіхтің денесі еш жерде жоқ екенін көрді. Мәсіхтің екі ізбасары қорқып, абдырап үйлеріне қайтты. Мағдалалық Мәриям олардың арттарынан еріп бара жатқан еді. Сол кезде ол қабірге соңғы рет көз тастайын деп қарағанда, көрген көзіне сенбей сасқалақтап қалды, өйткені қабірдің ішінде жарқыраған ақ түсті шапан киген екі періште болды.

— Қарындас, сен неге жылап тұрсың? — деп періштелер одан сұрады.

— Біреулер Мырзамды алып кетіпті! Оны қай жерге қойғанын білмеймін, — деді (қараңыз: Жохан 20:13).

Ол артқа бұрылып қарағанда, оның көздері одан да керемет көріністің куәгері болды: Иса оның алдында тірі тұрды! Бірақ, таңқаларлығы, ол Исаны танудың орнына, оны бағбан деп қабылдады. Мәсіх оған дәл сол сұрақты қайта қойды:

— Қарындас, сен неге жылап тұрсың?

Мағдалалық Мәриям кіммен сөйлесіп тұрғанын әлі байқамай ақырын ғана:

— Мырза, Оны әкеткен Сіз болсаңыз, қайда қойғаныңызды айтыңызшы. Мен Оны сол жерден алып кетейін, — деді (қараңыз: Жохан 20:15).

Сонда Иса оған:

— Мәриям! — деп үн қатты.

Сол кезде Мәриям Исаға бұрылып:

— Ұстаз! — деп оны таныды (қараңыз: Жохан 20:16).

Иса Мәриямның алдында тірі, аман-сау тұрды, өйткені өлім уәде етілген Мәсіхті ұстап қала алмады. Құдай Оны жер бетіндегі өз мақсатын аяқтап, ауру және өлім әлеміне мәңгілік өмір әкелу үшін қайта тірілтті.

## **Біздің қайта тірілуге деген үмітіміз**

Мәсіх айқышта болған кезде өлім жеңіске жеткендей болып көрінді. Байдың қабірінде үш күн болғаннан кейін, Иса қайтадан тіріліп, пайда болды. Бұл жаңалық Оның ізбасарларын қатты таңғалдырғаны соншалық, Оның оларға Өзінің тірі екенін көрсетіп, алақандары мен аяқтарындағы шегеден қалған іздерін өз көздерімен көрмегендерінше сенуден бас тартты. Содан кейін Иса Өз шәкірттерімен таңғажайып жаңалығымен бөлісті: болашақта олар да Оның денесі сияқты қайта тірілетін, ауруға, қартаюға және шіруге ұшырамайтын мәңгілік денеге ие болатындарын айтты. Олар жердегі тіршіліктің мәнін беретін үлкен үмітке ие болады, әйтпесе оның ешқандай маңызы болмас еді. Олар сүйіспеншілікке толы Құдайдың алдында өлім мен азапсыз мәңгілік жаңа өмірге ие болады.

Міне, мәсіхшіліктің құдайсыз әлемге беретіні — өлімнен кейін қайта тірілу және азап пен қайғы-қасіретке орын жоқ, шексіз қуанышқа толы Құдаймен бірге мәңгілік

өмірге деген үлкен үміт. Көптеген сыншылар қандай пікір айтса да, қайта тірілуге деген сенім бізге «ешқандай практикалық пайда» әкелмейді деп айтуға болмайды. Шын мәнінде, бұл бізге болашаққа деген үміт береді және біздің адамдармен және жаратылысқа деген қарым-қатынасымызға тікелей әсер етеді. Бұл мәңгілік өмірге деген сенім үмітсіз әлемдегі өмірімізді қандай да бір түрде түрлендіру үшін ойлап табылған «қияли аспандағы қамал» емес; бұл шынайы дәлелдерге негізделген сенім. Келтірілген маңызды дәлелдерді осы кітапта қарастыратын боламыз.

### **Қайта тірілудің негізгі маңыздылығы**

Қайта тірілудің тарихи фактісі — мәсіхшіліктің негізі болып табылады. Бұл сенімнің қандай да бір қосымша қағидасы емес — бұл сенімнің өзі! Иса Мәсіхтің қайта тірілуі мен мәсіхшілік бір-бірінен болуы мүмкін емес. Бұл айтылғандардың бірі екіншісіз ақиқат бола алмайды. Мәсіхшіліктің ақи-

катына сену — бұл біздің немесе басқа біреудің сеніміне ғана емес, қайта тірілген, шынымен бар болған Мәсіхке деген сенім. Исаның тарихи қайта тірілуінсіз мәсіхшілік сенімі плацебодан еш айырмашылығы болмас еді. Сөзбе-сөз айтқанда физикалық қайта тірілу болмаса, онда біз Құдай туралы, қауым туралы және адамгершілік ережелерін сақтау туралы ұмытып кетеміз. Тіпті өзімізге: «ішіп-жеп тойып алайық, ертең бәрібір өліп қалармыз» (1 Қор. 15:32) деп те айтар едік.

Екінші жағынан, егер Иса өлімнен қайта тірілген болса, демек, Ол дәл осы сәтте тірі (қараңыз: 1 Қор. 15:4) және біз Оны жеке Өзін білетін де боламыз. Біздің күнәларымыз кешірілді (қараңыз: 1 Қор. 15:3) және «өлім жеңіліп, біржола жоқ болады» (қараңыз: 1 Қор. 15:54). Оның үстіне, Ол біздің де бір күні қайта тірілетінімізді уәде етеді (қараңыз: 1 Қор. 15:22). Біз Оған сене аламыз, өйткені Құдай «бәрін де Оған бағындырып берді» (1 Қор. 15:27). Иса бізге түпкілікті жеңіс (қараңыз: 1 Қор. 15:57) пен мағыналы өмір (қараңыз: 1 Қор. 15:58) сыйлайды.

Британдық ғалым Н.Т.Райт қайта тірілудің қауым өмірінде не үшін маңызды екенін былай деп түсіндіреді:

Мәсіхшіліктің алғашқы түрі бізге әлі де белгісіз, дегенмен, тапқыр ғалымдар не ойлап тапса да, олардың ешқайсысы Исаның айқыштағы масқара өлімінен кейін, Құдайдың Оны тірілткенін жоққа шығара алмайды. Елші Пауылдың уақытында, яғни біздің алғашқы жазба дерек көздерінде Исаның қайта тірілуі жеке дара тұрған сенімнің қандай да бір қағидасы емес. Ол мәсіхшілік өмірі мен ой-өрісімен сабақтасып тоқылған басты сенім<sup>3</sup>.

Исаның қайта тірілуі жай ғана тарихи факт еместігін білсек те, ол осындай факт болып қала береді. Осымен, біз бұл оқиғаның шынымен болғандығы туралы бұлтартпас дәлелдердің бар екендігін көрсететін боламыз.

## **Қайта тірілудің жеке мәні**

### ***Өлім қорқынышынан азат болу***

Адамдардың өлімнен қорқуы қалыпты жағдай. Өмір сүруді тоқтату қандай болатынын

елестету қиын ғана емес, сонымен қатар өте қорқынышты.

Неліктен біз өлімнен қорқамыз? Осы сұраққа жауап ретінде алты себепті ұсынуға рұқсат етсеңіз<sup>4</sup>:

1. Өлім жұмбақ және оны алдын ала білу мүмкін емес.
2. Өліммен жеке бетпе-бет өзіміз ғана кездесеміз.
3. Жақын адамдарымызды тастап кетеміз.
4. Өзіміздің жеке үміттеріміз бен армандарымыз орындалмай қалады.
5. Із-түзсіз жоғалып кетуіміз мүмкін.
6. Өлімнен қашып құтылу мүмкін емес.

Киелі кітапта өлімнің эмоционалды қиын жақтарынан толықтай құтылуға уәде берілмегенімен, өлімнен туындайтын қорқынышты жеңу біздің қолымыздан келеді деп айтылған. Қайта тірілу ілімі туралы шынайы түсінік бізді белгісіздікке шегетін соңғы сапарымызға деген қорқыныштан азат етеді.

Қайта тірілу басымызға түскен қиыншылықтарымыздың, қайғы-қасіреттеріміз бен алаңдаушылықтарымыз қаншалықты адам төзгісіз жойқын болса да, олар өткінші болып табылатынын түсінуге көмектеседі. Басыңызға не түссе де, қайғыңыз бен ауыртпашылығыңыз қаншалықты ауыр және терең болмасын, өлім сізді және сіздің жақындарыңызды қалай қудаласа да, қайта тірілу сізге шексіз жарқын болашақ сыйлайды.

### **Біздің үміттеріміз бен армандарымыздың орындалуы**

Фантаст-жазушы Айзек Азимов өлімнен кейінгі өмірге қатысты көпшіліктің ұстанымын былай деп сипаттап жазған еді: «Мен өлімнен кейінгі өмірге сенбеймін, сол себепті бар өмірімді тозақтан, тіпті одан да арғысы жұмақтан қорқып сүргім келмейді. Тозақ азабы қандай болса да, менің ойымша жұмақта зерігіп өмір сүру одан да азапты»<sup>5</sup>.

Өкінішке орай, өлімнен кейінгі өмірге деген мұндай көзқарас мәсіхшілер арасында да жиі кездеседі. Біздің көктегі өміріміз туралы тұжырымдамамыз көбінесе созылық, ішпыстырарлық, мәнерсіз қауым қызметі бейнесімен шектеледі. Тіпті түрлі карикатураларды көріп, көптеген әзілдерді естігеннен кейін, кейбіреулеріміз көктегі өмірді ақ бұлттардың арасынан ұзын ақ шапанды киіп алып, қалықтап жүретін, кернейді тартып ойнайтын жер ретінде қабылдайды. Қалайша танылмастай бұрмаланып кеткен көктегі өмір сипаты күлкі тудыру құралына айналып кетті, ал өлімнен кейінгі мәңгілік өмір ендігі біздің қиялымызды басуға, өмірімізді өзгертуге еш әсер ете алмай қалды?

Жақында мен (Шон) шәкірттеріме мына бір сұрақты қойдым: егер өздеріңнің өлетіндеріңді, көкке көтеріліп кететіндеріңді үш күн бұрын біліп алған болсаңдар, не істер едіңдер? Жауаптардың арасында парашютпен секіру, саяхаттау, серфинг және (әрине) секспен айналысу болды. Бірінші қойған сұрағымнан кейін мен тағы бір қа-

рапайым сұрақ қойдым: «Демек, сендердің ойларыңша, мұндай ләззат түрлері тек осы өмірде ғана болуы мүмкін және оларды міндетті түрде өлместен бұрын орындап көру керек, әйтпесе оларды ешқашан сезініп көрмейсіңдер, өйткені олар көкте болуы мүмкін емес солай ма?». Екі шәкірттен басқасының барлығы «иә» деп жауап берді. О дүние туралы ойлар оларды бірде қызықтырған болса, бірде түңілткен еді.

Осындай мәңгілік өмірге деген бұрыс көзқарастар адамдарды үмітсіздік пен күнәға батуға мәжбүр етеді. Көптеген адамдарға, егер олар қазір қандай да бір ләззат сезінбесе, енді мұны істеу мүмкіндігі болмайды және олар оның не екенін ешқашан біле алмайтын сияқты болып көрінеді. Олар мұны қабылдайды, өйткені көктегі өмірдің шын мәнінде қандай болатындығы туралы қате көзқарас олардың санасына терең сіңіп кетті.

Бізді көбінесе жаңа көк пен жаңа жерді физикалық табиғаттан алыс нәрсе деп түсіндіріп, руханиландыруға үйретеді. Көбіне адамдар бір нәрсені рухани деп атағанда,

оның физикалық табиғаты жоқ екенін меңзейді. Мұндай көзқарас кеңінен таралған адасуға, яғни Құдайдың физикалық жаратылысы шынымен рухани нәрселерден, оның ішінде көктегі өмірден қандай да бір дәрежеде төмен деген түсінікке әкелді. Сонымен қатар көптеген адамдар, көкте біз рухани жан боламыз деп сенеді, ол дегеніміз, біздің физикалық, сезгіш денеміз болмайтынын білдіреді. Бұл көзқарас Киелі кітапта айтылмаған рухани және физикалық тұрғыдан бөлінуге алып келеді, көпшілік адамдар үшін рухани болып саналатындардың барлығы жақсы, ал физикалықтың барлығы уақытша, бір реттік, кейбір кезде тіпті зұлымдық деп сенуге мәжбүр етеді.

Мұндай көзқарастың өзіндік кемшіліктері бар. Осы сеніммен бөлісетін адамдар осы әлемдегі жаратылыстың барлығын Құдайдың Өзі «жақсы» деп жариялағанын ұмытып кетеді. Ол атомдар мен молекулалардан, жасушалардан және жердегі шаңнан жаратқанның бәрін «жақсы» деп атады. Жаңа көк пен жаңа жер тек рухани бола алмайды (яғни физикалық емес), өйткені біз-

дің физикалық денелеріміз қайта тіріледі. Физикалық емес қайта тірілу түссіз кемпір-қосақ іспеттес. Біреуі екіншісіне қарама-қайшы! Елші Пауыл біздің қайта тірілуімізді суреттегенде былай деп айтады:

...Бұл кенеттен, қас қағым сәтте, соңғы керней тартылған шақта іске асады. Сонда кернейдің үні естіліп, өлгендеріміз қайта тіріліп, біз де түгелдей өзгереміз. Өйткені қазіргі құрып шіритін тәндеріміз ешқашан жойылмайтын денелермен алмасуға тиіс. Бұл жүзеге асып, құритын нәрселер мәңгілік нәрселермен алмасқан шақта Пайғамбарлар жазбаларындағы мынадай уәделер орындалады: Өлім жеңіліп, біржола жоқ болады.

*1 Қор. 15:52–54*

Бұл жерде Елші Пауыл бізге тәнсіз боласыңдар деп айтқан жоқ. Ол керісінше денеміздің болатынын — сол дененің қазіргі денеге ұқсас, бірақ ешқашан өлмейтін, мәңгілік дене болатынын айтып тұр. Жаңа денеміз ендігі ауруға, жастың және өлімнің әсеріне ұшырамайды, олар ешқашан өлмейді. Жаңа денеміздің әр бөлшегі мінсіз, таңғажайып әдемі, керемет күшті, шексіз

сау және қартаю мен өлімге бағынбайтын болады.

Қазір өмір сүріп жатқан әлем бізге Құдай жаңа көк пен жаңа жер сыйлаған кезде болатын қуаныштар мен ләззаттардың ұқсастығын көруге мүмкіндік береді (қараңыз: Аян 21). Бұл туралы Рэнди Алкорн өзінің «Көк аспан» кітабында былай деп түсіндіреді: «Біз өмір бойы жаңа жерді армандадық. Сұлулықты судан, желден, гүлден, бұғыдан, еркектен, әйелден немесе баладан көрген сайын, біз көкпен ұқсастығын көре аламыз. Едем бағы сияқты, жаңа жер сезімдерді қанағаттандыратын, таңғажайып сұлулықтың, жеке қарым-қатынас пен адам қуанышының ордасына айналады»<sup>6</sup>. Не істейтінімізді білмей, таза ортада, бұлттардың арасында шексіз қалықтап өмір сүрмейміз. Біз мүлдем жаңа жерде өмір сүретін боламыз — дәл қазіргі жер сияқты, бірақ дауыл, жер сілкінісі, құрғақшылық пен су тасқыны немесе басқа табиғи апаттардан аулақ боламыз. Барлық өсімдіктер оңай әрі жеңіл өсетін болады, ал арамшөптер мен тікенектер атымен бол-

майды. Ал жануарлар бізге зиян тигізбейтін болады, керісінше олар бізді өздерінің көсемдері мен жарылқаушылары ретінде санайтын болады.

Жаңа жердегі өмірімізді егжей-тегжейлі елестете алмасақ та, біз бір нәрсеге толық сенімді бола аламыз: Құдай бізді қуаныш үшін жаратты. Ол бұл жерді біздің қуанышымыз бен ләззат алуымыз үшін жаратты. Қазіргі кезде барлық қуаныштар адамның тілазарлығының арқасында бұрмаланғанымен, Оның бар ниеті олардың ешқайсысын жойып алмау. Жаратылғанның барлығы өз қалпына келтіріледі. Бізге деген терең сүйіспеншілігінің арқасында, Ол бізді жаратқанда бастапқыда ниет еткен барлық ләззаттарды сезінуімізді қалайды.

## 2-тарау

# ҚАЙТА ТІРІЛУДІҢ ШЫНАЙЫ БОЛҒАНЫНА ҚАЛАЙ КӨЗ ЖЕТКІЗЕ АЛАМЫЗ?

*Бұл шындық па?  
Бұған сенуге бола ма?*

**И**саның қайта тірілгені немесе тірілмегені — бұл объективті шындық, сондықтан ол біреуге ақиқат, ал біреуге өтірік болуы мүмкін емес.

Мұны біз қайдан білеміз? Мен (Шон) бір рет өз шәкірттеріммен келесі тәжірибені жасадым. Олардың алдарына ойынға арналған моншақ тастарына толы ыдысты қойып, мындай сұрақ қойдым: «Ыдыстың ішінде қанша моншақ тасы бар деп ойлай-

сындар?». Олар өздерінше жорамалдап түрлі жауаптар беруге тырысты: бірі 221 десе, басқасы 168 деген түрлі жауаптар жалғаса берді. Содан кейін мен оларға 188 деп дұрыс жауабын айтқаннан кейін тағы сұрақ қойдым: «Араларыңнан қайсыларың дұрыс жауапқа жақын болдыңдар?». 168 саны дұрыс жауапқа жақын деп шешіп, студенттерім моншақ тасының саны жеке қалауына тәуелсіз объективті факт екендігін түсініп, айтқандарыммен келісті.

Содан кейін мен ассорти печеньелер қорабын алып, әр оқушыға бір-бірден қолдарына ұстатып, «ең дәмді печенье қайсысы?» деп сұрадым. Күткенімдей, олардың барлығы мұны мәнсіз сұрақ деп қабылдады, өйткені әркімнің не дәмді, ал ненің дәмсіз екендігі туралы өз жеке ойлары бар. «Өте дұрыс, — деп түйіндедім мен, — ненің шынайы дәмді екендігі адамның өз қалауымен анықталады. Ал бұл объективті факт емес, субъективті пікір немесе жеке қалау туралы мәселе».

Содан кейін мен: «Ал діни тұжырымдамалар, мысалы, құмырадағы шыны мон-

шақтардың саны сияқты объективті факт деп санауға бола ма, әлде печеньеге қатысты субъективті көзқарас деп санауға бола ма?», — деп сұрақ қойдым. Шәкірттердің көпшілігі діни тұжырымдамалар дәмдік талғам санатына жатады деген пікірге келді. Осыған сүйене отырып, біз мәсіхшіліктің объективті тұжырымдамаларын талқылауға көштік. Мен мәсіхшіліктің объективті тарихи шындыққа — Мәсіхтің қайта тірілуіне негізделгеніне баса назар аудардым. Шәкірттерімнің естеріне салғанымдай, көптеген адамдар Исаның тарихи қайта тірілуін жоққа шығаруға дайын, дегенмен, бұл тұжырым «сіз үшін шындық, мен үшін өтірік» болуы мүмкін. Қабір үшінші күні бос болды. Исаның қайта тірілу күшін түсіну үшін кез келген адам ол өзінің жеке басының емес, объективті фактілермен бетпе-бет келіп тұрғанын түсінуі керек.

Иса өлімнен қайта тірілді ме, жоқ па деген сұраққа дұрыс жауапты қалай іздеу керек? Мәселен, сыншы тарихшылар мұндай жағдайда не істер еді? Олар алдымен

куәгерлердің жазбаларының растығын, Исаның айқышқа шегеленгенінің салдарынан қайтыс болғанын, жерлеу рәсімдерінің материалдарын, қабірдің бос болғанын және үшінші күні Исаның тірі көрінгені туралы хабарлардың растығын зерттеп тексеретін еді. Содан кейін деректің барлық мүмкін болатын балама түсіндірмелерін қарастырып шыққан жөн. Қызық, солай емес пе? Олай болса, әрі қарай жалғастырайық, өйткені біз осы кітаптың қалған бөлігінде осымен айналысатын боламыз.

### **Таңғажайып оқиғалар шындықтың растығына күмән келтіре ме?**

Ең алдымен, қайта тірілудің дәлелдерін ашық түрде зерттемес бұрын, ғажайыптардың пайда болу мүмкіндігін қарастырып алғанымыз жөн. Егер ғажайыпқа анықтама берілуі мүмкін болмаса, онда қайта тірілу мүмкін болмас еді және біз орын алған оқиғаларға түсініктеме болатын нақты себептерді іздеуіміз керек болатын. Бірақ егер

біз ғажайыптарды ең болмағанда мүмкін деп тұжырымдайтын болсақ, онда біз ешқандай болжамдарға негізделмей оларды қабылдауға ашық боламыз.

Осы тақырыпты зерттеу барысында Жаңа Өсиетті зерттеуші ғалым Крейг Бломберг көрсеткен екі маңызды ойды қарастырған жөн:

Ғажайып оқиғалардың шынайылығы туралы сөз болғанда, ең жалынды сенушілердің өзі скептикпен бөлісетін белгілі бір интуитивті сезім бар. Оның үстіне, тіпті ғажайыптардың орын алуы мүмкіндігімен келісетін адамның өзі қандай да бір табиғаттан тыс құбылысқа бірден сенуге асықпайды<sup>1</sup>.

Басқаша айтқанда, табиғат заңдарына қайшы болып көрінетін оқиғалар туралы естіген сайын, біз оны, әрине, сенімсіздікпен қабылдаймыз. Сондықтан біз естігенімізді табиғаттың қалай жұмыс істейтінімен бірден салыстыруды бастаймыз. Өйткені, ешкім де ақымақ болғысы келмейді. Табиғатта бәрі алдын ала, белгіленген ережелерге сәйкес болатынын тамаша білеміз.

Алайда, кереметтердің біздің әдеттегі ой шеңберімізге сай келмегені үшін ғана оның болу мүмкіндігін жоққа шығарып, мұндай оқиғаларға алдын ала күмәнмен қарамауымыз керек. Зерттеудің нәтижесі қандай болатынын фактілерді мұқият зерттемей тұрып шешу ғылыми тұрғыда жалған деп есептелер еді. Көрнекілік ретінде келесі оқиғаны қарастырайық. XVIII ғасырдың соңында батыс әлемі алғаш рет үйректұмсық жануармен танысқан еді. Австралияның осы эндемикалық тұрғыны денесі қоянның көлеміндей жүнмен жабылған және аяқ саусақтарында жарғақтары бар. Алайда, ол жұмыртқалайды — яғни бауырымен жорғалаушылар сияқты көбейеді! Үйректұмсықтың терісі алғаш рет Еуропаға әкелінген кезде, бұл жаңалық бәрін дүрліктірген еді. Бұл жануар сонда сүтқоректілердің қатарына ма, әлде бауырымен жорғалаушылар қатарына жатқызыла ма? Үйректұмсық сондай таңғажайып жаратылыс болып көрінді — экспозициядағы тері сияқты айқын фактілерге, тіпті оны өз көздерімен көргендердің әңгімелеріне қарамастан —

көптеген Лондон тұрғындары бұл оқиғаны жалған ақпарат ретінде қабылдады.

Адамдардың жануарды өз көздерімен көрулері үшін жүкті ұрғашы үйректұмсықты атып, Лондонға жіберілгенде ғана адамдар біртіндеп ол туралы әңгімелердің шын екеніне сене бастады. Бірақ сол уақытқа дейін әлемнің көптеген ұлы ойшылдары үйректұмсықтың бар екендігін мойындаудан бас тартты, ал басқалары оның физиологиясының бірегейлігі туралы пікірлерге күмәнданған еді. Мұндағы бар мәселе, мәсіхші апологет Росс Клифффордтың пікірінше, *«бұл факт кейбір адамдардың біздің әлемнің ерекше тіршілігі саналарынан тыс екендігін, сол себепті олар барлық дәлелдемелер жинағына қарамастан, оның растығын қабылдамады, керісінше, өздерінің теріс пікірлерімен бөлісті»*<sup>2</sup>.

Адамдардың үйректұмсық оқиғасына деген реакциялары олардың қайта тірілуге деген реакцияларына өте ұқсас. Көптеген адамдар қайта тірілудің дәлелдерін ескергісі келмейді, өйткені мұндай оқиға олардың дүние туралы ұғымына сай кел-

мейді. Әрине, мұндай реакция объективті түрде қарауға кедергі болады, өйткені мұндай тұжырымдамаларға деген теріс түсінік басым болғанда, саналы көзқараспен қарау мүмкін емес.

Ғажайыптардың мүмкін еместігі туралы кең зерттеулердің арқасында қорытынды жасаудың орнына, біз кереметтер болуы мүмкін немесе болмауы мүмкін екенін түсінетін бейтарап позицияны ұстануымыз керек. Сонда біз тұжырымдамаларды объективті түрде зерттеп, олардың бізді қайда жетелейтінін көре аламыз.

Крейг Бломберг ғылым заңдарының да, ғажайыптардың бар-жоғын да қорғаушылардың позицияларын былай деп түсіндіреді:

Физиканың барлық керемет жетістіктеріне қарамастан, әлі күнге дейін ешкім мынаны дәлелдей алған жоқ: егер Құдай бар болса — Ол яһудилер мен мәсіхшілердің түсінігіндегідей болса, онда неге Ол ара-тұра барлық басқа жағдайларда табиғаттың өзгермейтін заңдарын тоқтата алмайды немесе бұза алмайды? Қазіргі кезде физика ғылымы

бұрынғыға қарағанда, Құдайдың болу мүмкіндігін мойындауға дайын сияқты<sup>3</sup>.

Доктор Норман Гейслер бұл туралы былай деп түсіндіреді:

Ғажайыптарға сену ғылыми *әдіснаманың тұтастығын* емес, оның *құдіреттілігін* бұзады. Ол ғылымның кез келген оқиғаны табиғи құбылыс ретінде түсіндіруге күші жетпейтінін, тек тұрақты, қайталанатын немесе алдын ала болжанатын нәрсені ғана айтады<sup>4</sup>.

Құдайдың жоқ екенін мойындаған кезде ғана ғажайыптардың болуы мүмкін емес болып табылады. Бірақ атеизмде бұған бұлтартпас дәлелдер болмағандықтан, Құдайдың әлемнің істеріне тікелей араласу мүмкіндігін мойындауға ғана емес, сонымен қатар Ол жасағандарының дәлелдерін қарастыруға да дайын болу керек.

### Тарихты растау

Бос қабір, бәтес орауыш, қабір кіреберісіндегі домалақ үлкен тастың ашылып жерде

жатуы және Исаның қайта тірілуі жай қиял немесе шындық. Сондықтан сол алғашқы Қайта тірілу кезінде не болғанын анықтау үшін тарихи зерттеулер жасау қажет болады.

Исаның өлімі мен қайта тірілгені туралы куәліктерге бейтарап және объективті қарау керек. Біздің бұл мәселеге қатысты өзіндік қалыптасқан көзқарастарымыз бен тұжырымдарымыз болғанымен, оларды зерттеу барысында тізгіндеп ұстағанымыз жөн. Тарихи дәлелдер өздері шындықты ашсын. Тарихшы Рональд Сидер былай деп жазады: «Біз тікелей қатысушы болмаған барлық болжамды оқиғаларға қатысты сенімді дәлелдемелер талап етуге құқығымыз бар, бірақ біз шындықты тек шектеулі тәжірибемізге қарап бағаламауымыз керек. Біздің назареттік Исаның қайта тірілуіне қатысты осындай сенімді дәлелдемелер бар деп ойлаймын»<sup>5</sup>.

Бұл жерде біз Киелі Жазбалардың шабыт беретінін емес, тарихи дәлдігін және дұрыстығын анықтағымыз келеді. Оқырманның өзі Киелі Жазбаларды Құдайдың

Киелі Рухымен жазылған деп тұжырымдай алса да, Исаның өмірін, өлімін және қайта тірілуін тарихи оқиға ретінде қарастыру үшін мұндай тұжырым жасау қажет емес.

Мәсіхтің қайта тірілуін тарихтағы кез келген басқа оқиғаға қатысты өлшемдерге сәйкес тексеруге болады. Ертедегі қауымның сенімі шынайы әлемдегі сенімді оқиғаларға куә болған адамдардың куәліктеріне негізделген. Мысалы, мәсіхші Лұқа былай деп жазады:

...Көптеген адамдар арамызда әбден белгілі болған оқиғаларды баяндауға кірісіп кетті. Бұл үшін олар Ізгі хабарды уағыздаушылардың әуел бастан-ақ өз көздерімен көріп, бізге айтып жеткізгендеріне сүйенді. Солардың бәрін басынан бастап ұқыпты зерттеп шыққандықтан, мен де оларды рет-ретімен жазып берсем игі болар еді деп ұйғардым. Осылайша сіз өзіңіз үйренген осы ілімнің берік негізіне әбден көз жеткізе аласыз.

*Лұқа 1:1–4*

Бұл жерде Лұқа нақты тарихи фактілерді ұсынуды көздеді.

## Куәгерлердің жазбалары

Мәсіх туралы Жаңа Өсиет заманындағы куәліктерінің сенімді болуының бір себебі — оны куәгерлер жазған немесе куәгерлердің айтқан сөздерінен жазылған. Тарихшы доктор Луи Готтшок түпнұсқаның дәлдігін зерттеу барысында былай деп жазады: «Шындықты айту қабілеті ішінара куәгердің оқиғаға жақын болуына байланысты. Жақындық дегеніміз бұл жерде географиялық және хронологиялық мағынада түсіндіріледі»<sup>6</sup>. Жаңа Өсиеттің жазушылары біреуден естігендерін ғана айтып қоймай, өздері қатысқан оқиғалар туралы хабарлады, олар көп жағдайда өз көздерімен көргендерін жазды.

- Петірдің 2-хатында (1:16) былай дейді: «Біз сендерге Иеміз Иса Мәсіхтің зор құдіретпен қайта оралуы туралы білдіргенде, қулықпен қиыстырылған аңыз-ертегілерге сүйенген жоқпыз. Керісінше, біз Иеміздің салтанатты ұлылығын өз көзімізбен көрген куәгерлер болған едік».

- Жоханның 1-хатында (1:1) «Әуел баста Сөз болатын, Сөз Құдайда болатын, Сөз Құдай еді» деп айтылады.
- Лұқа «Иса азапталып өлгеннен кейін оларға көптеген сенімді дәлелдер арқылы Өзінің тірі екенін ашық көрсетті: қырық күн бойы Ол елшілеріне көрініп, Құдайдың Патшалығы туралы тәлім беріп жүрді» деп жазды (Елшілердің істері 1:3).
- Елшілердің істері кітабында (2:32) Елші Петірдің дәлелдерінде былай делінген: «Осы Исаны Құдай қайта тірілтіп алды, біз бәріміз соған куәміз!»
- Мәсіхші Жохан мынаны айтады: «Мұны көрген кісі сендер де сенсін деп бұған куәлік береді. Оның куәлігіне сенуге болады, ол шындықты айтып тұрғанын біледі...» (Жохан 19:35).

Куәлік беруді жалғастыра отырып, елшілер қайта тірілген Мәсіхке деген сенімдерінен бас тартпады, дегенмен олар-

ды қорқытып, ұрып-соғып, тұтқынға алып, тіпті кейбірін мойындағандары үшін өлтірген де еді. Елшілердің істері кітабының алғашқы тарауларынан көрініп тұрғандай, елшілер қудалау кезінде қайта тірілген Мәсіх туралы жариялады. Исаның өлімнен қайта тірілгеніне терең сенгендіктен, олар өз өмірлеріне қауіп төндірді. Мысалы, Иерусалимде қайта тірілу туралы көпшілік алдында уағыздағандары үшін діни жетекшілер елшілерді қорқытып, содан кейін оларды қамап тастады. Соған қарамастан, Петір мен Жохан: «Құдайды емес, сіздерді тыңдау Оның алдында жөн болар ма екен? Мұны өздеріңіз ойлап көріңіздерші! Ал біз көріп-естігендеріміз туралы үнсіз қала алмаймыз...» (Елшілердің істері 4:19–20) деген еді.

Елшілердің ешқайсысының сенімдерінен бас тартқаны туралы ешқандай дәлел жоқ. Біз олардың кейбірінің азапты өлімге кесілгендерін білеміз<sup>7</sup>. Бұл қайта тірілудің болғанын растамаса да, бұл елшілердің Оған шынымен сенгендерін айқын көрсетеді. Олар өтірікшілер емес еді<sup>8</sup>.

***Куәліктердегі сәйкессіздіктер  
олардың тарихи дәлдігіне  
күмән келтіре ме?***

Мүмкін Інжілде кездесетін Мәсіхтің қайта тірілгені туралы шындықтың растығына ең көп қарсылық олардың бір-біріне қайшы келетіндігінде және сондықтан да тарихи дәлелдер болып табылмайтындығының да себебі осында шығар. Мысалы, төрт Ізгі хабарда Мәриям бірінші болып қайта тірілген Мәсіхті көргені туралы айтылады, ал Қорынттықтарға арналған 1-хатының (15:5) Исаны көрген бірінші куәгер елші Петір деп айтылған. Ізгі хабаршы Марқаның айтуынша, қабірге Исаны майлау үшін барған әйелдер «оң жақта отырған ақ киімді бір жас жігітті көрді...» (Марқа 16:5). Ізгі хабаршы Матай періштенің киімі «қардай аппақ» деп жазды (Матай 28:3), ал Елші Лұқа «...Олар бұған аң-таң болып тұрғанда, киімдері найзағайдай жарқыраған екі ер адам кенеттен қастарына келіп, тұра қалды» (Лұқа 24:4) деп жазған еді. Қарап тұрсаңыз бұл айтылған куәліктер бір-біріне қарама-қайшы, осылайша осы айтылған

сөздер өздерінің растығына күмән келтіреді емес пе?

Әрине, жоқ. Бұл мәлімдемелер әр түрлі болуы мүмкін, дегенмен, бір-біріне қарама-қайшы келмейді. Бұл айырмашылықтардың пайда болуларының өзіндік еш нұқсан келтірмейтін түсініктемелері болуы мүмкін. Демек, бұл куәліктер бір-біріне қайшы келеді дегеннің жауапкершілігі соған сенетін адамның мойнында.

Төрт Ізгі хабарда шынымен де осындай түсініксіз үзінділер болғанымен, ғалымдар мұндай үзінділерді шынайы қайшылықтар деген тұжырым жасауға асықпауы керек. Қазіргі кезде көптеген зерттеушілер Інжіл жанры ежелгі грек-рим ғұмырнамасы деген пікірге тоқталуда. Мұндай жанр әдетте авторлардың күнделікті адам өміріндегі қарым-қатынастар арқылы көрсететін оқиғалар желісін суреттеуге мүмкіндік берді. Мысалы, Лұқа «қысқарту» деп аталатын әдісті пайдаланады, онда әр түрлі оқиғаларды жеткізуді жеңілдету үшін уақыт өлшемі қысқарылады. Атап айтқанда, ол қайта тірілу уақытын, яғни қайта тірілген Мәсіхтің

пайда болуын және Оның Көкке көтерілуін осы оқиғалардың барлығы Қайта тірілу мейрамының сенбісінде ғана болғандай болып көрінетіндей етіп жазылған. Бірақ Жохан жазған Ізгі хабарда бұл оқиғалардың барлығы бір күнде болмағанын көрсетеді. Бұл қарама-қайшылық па? Жоқ. Ізгі хабар таратушы Лұқа қолданған «қысқарту» грек-римдік өмірбаян жазудағы кеңінен таралған стилистикалық құрал болды. Мұндай келіспеушіліктерді қайшылық деп атау — бұл Інжілдің растығына күмән келтіру емес, бұл жанр заңдылықтарын білмейтіндіктің айғағы.

Жаңа Өсиет зерттеушісі Джон Уэнхем өзінің «Қайта тірілудің құпиясы» атты кітабында Мәсіхтің қайта тірілуіне байланысты оқиғаларды бір-бірімен үйлестіруді ұсынды. Ізгі Хабар мәтіндерін мұқият зерттеу барысында ол:

Ізгі Хабар авторларының шыншыл әрі білімді адамдар екендігінде күмәнім болған жоқ... дегенмен кездесетін кейбір сипаттамаларды дәлме-дәл түпнұсқасында берілген деген пікірді жақтаған жоқпын. Шынында да,

қайта тірілу туралы оқиғаларды алғашқы зерттеуімде маған осы қайшылықтардың өзара шешімі жоқтығы қатты әсер еткен болатын...

Бар ақпараттарды қайта оқып, грек мәтіндерін мұқият зерттей отырып, бұл жұмбақтың көптеген бөліктері бір-біріне сәйкес келетіндігін анықтадым. Енді менің ойымша, қайта тірілудің оқиғалары нақты және тәуелсіз баяндаудың белгілі сипаттамаларын өте әсерлі етіп көрсетеді, өйткені үстіртін зерттеуде олар өте қарама-қайшы болып көрінеді, бірақ тереңірек зерттей бастағанда барлық бөлшектер біртіндеп өз орнындарына келеді<sup>9</sup>.

Қарама-қайшылықтарға қарамастан, қайта тірілу оқиғаларын мұқият талдау олардың жасырын тұтастығын көрсетеді. Философ Стивен Дэвис:

Оқиғалардың өзара айырмашылықтарына қарамастан, төрт Ізгі хабардың таратушылары біз негізгі фактілер деп атауға болатын нәрселермен келіседі. Олардың барлығы бірауыздан: *аптаның бірінші күні таңертең ерте әйелдер олардың арасында мағдалалық Мәриям да бар, барлығы қабірге барды; олар оның бос болғанын көрді; періштемен немесе періштелермен кездесті; және оларға не Исаның тірі екендігі айтылды немесе басқа*

*бір жолмен олар Оның тірі екендігін біліп алды. Ізгі Хабарды таратушы Жохан мен ең болмағанда басқа да «синоптиктердің»\* бірінің арасында осы тармақтардың әрқайсысы бойынша таңқаларлық үйлесімділік бар: әйелдер Петірге және/немесе басқа шәкірттерге олардың ашқан жаңалықтары туралы хабарлады, Петір қабірге барып, оның бос екенін көрді, қайта тірілген Иса әйелдерге көрінді және Ол олар арқылы Өзінің шәкірттеріне нұсқау берді.*

## **Куәліктердегі айқын сәйкессіздіктер олардың растығына дәлел бола ала ма?**

Уағыздаушылар, философтар, тарихшылар, журналистер және басқа зерттеушілер бұл айқын сәйкессіздіктер Ізгі хабарлардың шындығына нұқсан келтірудің орны-

---

\* Яғни Ізгі Хабар таратушылар Матай, Марқа және Лұқа, алғашқы үш Ізгі хабардың авторлары, оларды синоптиктер деп те атайды (грек тілінің синоптикос, сөзбе-сөз аударғанда «бірлескен бақылаушы» дегенді білдіреді), өйткені олар бір-бірін едәуір қайталайды, алайда Ізгі Хабар тартушы Жохан олардан әлдеқайда мазмұны жағынан да, жазу стилі жағынан да ерекшеленетін еді. — *ауд.ескертуі*

на, оның шынайы екендігінің дәлелі деп түйіндейді. Н.Т.Райт Ізгі хабарлардың мәтіндеріндегі оқиғаларды сипаттаудағы сәйкессіздіктер мен «асығыстықтар» тек олардың құнын арттырады деп атап өтті. «Куәгерлер дәл осылай сипаттап, куәлік етулері керек», — дейді ол<sup>11</sup>.

Доктор Пол Майер бұл туралы: «Қайта тірілу туралы оқиғалардың өзгеруі олардың шынайылығына нұқсан келтірудің орнына, дәлдігін растайды. Олар белгілі бір оқиғадан бастау алған бірнеше тәуелсіз дәстүрлердің қалыптасуы үшін орындалып, бастау алғандарын анық көрсетеді»<sup>12</sup>, — деп қорытындылайды.

Ал енді сол бірінші Қайта тірілу кезінде нақты не болғанын түсіну үшін назарымызды аудару керек кейбір дәлелдерді қарастырып шығайық.

## 3-тарау

### ҚАЙТА ТІРІЛУДІҢ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРІ

*Иса шынымен өліп,  
жерленіп,  
қайта тірілді ме?*

#### **Иса Мәсіхтің айқышқа шегеленуі және Оның өлімі**

Яһудилер Иса Өзінің қайта тірілетінін алдын ала айтқанын жақсы білді. Оның ізбасарлары Исаны өліп, қайта тірілгендей етіп көрсету үшін түрлі айла-тәсілдерге баратындарынан қорқып, оған жол бермеу үшін олар Исаның шынымен де өліп, сол беті өлі

болып қала беруіне орасан зор күш салып, алдын ала сақтық шараларын жасады. Солардың бірі Исаны айқышқа шегелеп өлтіру болды. Исаның жазалануы барынша қатыгездікпен, өлгеніне күмән келтірмейтіндей етіп көпшілік алдында болуы керек еді.

### ***Қатыгездікпен айқышқа шегелеу***

Айқышқа шегелеу Мәсіхтің кезінде кең таралған жаза түрлерінің бірі болған. Цицерон бұл жаза түрін «азаптаудың ең қатыгез әрі жиркенішті түрі» және «құлға арналған жазалардың ішіндегі ең ауыры» деп атады<sup>1</sup>. Бұл өлім жазасының қорқынышты әрі масқара болғандығы соншалықты, римдіктер Рим азаматтарына жеңілдік жасап, бұл жаза түрін көбінесе құлдар мен бүлікшілерге қорқыту және бүлікті болдырмау мақсатында қолданған екен. Бұл жаза негізінен саяси мағынаға ие жағдайларда қолданылды.

«Мұндай жаза адам төзгісіз болды, — дейді Александр Метерелл, медицина ғылымдарының докторы. — Шын мәнінде мұндай азапты сиппатауға сөз де табу қиын болған; сол себепті осыған сәйкес ex-

*cruciating*\* деген жаңа сөз пайда болды: сөз-бе-сөз аударғанда айқыштан [түсірілген] деген мағынаны білдіреді. Өзіңіз ойлап көріңізші: осы үшін жаңа сөз ойлап табуға мәжбүр болдық, өйткені біздің лексиконымызда айқышқа шегеленудің қаншалықты азапты екенін сипаттайтын сөз жоқ болды»<sup>2</sup>.

### ***Қамшылау дәстүрі***

Сот айқышқа шегелеу арқылы өлтіруге үкім шығарғаннан кейін, айыпталушыны бағанға байлау дәстүрге айналды. Қылмыскердің үстіндегі киімі жұлынып, жыртылып алынды, содан кейін оны қатты қамшылайтын. Ізгі Хабарларда Исаның айқышқа шегеленбестен бұрын қатты соққыға жығылғандығы жазылады (қараңыз: Жохан 19:1; Маттай 27:26; Марқа 15:15).

Әдетте мұндай жағдайларда қолданылатын қамшының сабы ауыр, сонымен қатар оған әр түрлі ұзындықтағы былғары баулар бекітілген болатын. Бұл бауларға

---

\* *Excruciating* (ағыл.) — азапты, адам төзгісіз; лат. *excruciare* <*cruciare* (шегелеу) <*crux* (айқыш ағашы). — ауд.ескертуі

үшкір сүйектер мен қорғасыннан жасалған өткір, қиылған бөліктер тоқылған. Америка медицина қауымдастығының журналындағы мақаласында былай деп жазылған:

Римдік сарбаздар айыпталушының арқасын бар күшпен қамшылай бастағанда, темірден жасалынған шарлардың соққысынан айыпталушының денесінде терең, әрі теріасты жарақаттар пайда болған, былғары белбеулер мен қой сүйектерінің үшкір бөлшектері теріге және тері астындағы тіндерге тиген сайын жыртып әкететін. Қамшылау жалғаса берген сайын тері астында қаңқа бұлшықеттері жыртылып, денеден көп мөлшерде қан кетеді<sup>3</sup>.

Тиісті медициналық көмек дер кезінде көрсетілмеген болса, терідегі және бұлшықеттердегі мұндай жаралар адамның өмірін бірнеше сағат ішінде, ең көп дегенде бірнеше күн ішінде алып кетуі мүмкін.

### *Айқышқа шегелеудің өлімге әкелу үдерісі?*

Айқышта асылып, шегеленген адамға дем алу өте қиын болды. Тыныс алу мен дем

шығару үшін ол адам қолдары мен аяқтарында көтеріліп тұруы керек болатын, бірақ мұндай әрекет жанды шырқырататын ауырсынуды тудырды. Уақыт өте келе мұндай әрекеттен кейін адам әлсіреп, қан жоғалтқаннан жәбірленуші әбден қажығаннан, адам енді дем ала алмай, тынысы тарыла бастайды.

Егер римдіктер құрбан болған адамның өлімін тездеткісі келсе, айқышқа шегелеу жазасын аяқтаудың әдеттегі әдісі келесідей болған: айыпталушының аяқтарын таяқпен ұрып сындырған, аяқ сүйектері үгітіліп сынғаннан кейін адам ендігі аяқтарына көтеріліп дем ала алмайтын болады. Аяқ сүйектері сынғаннан кейін адам бірден өлген екен. Мәсіхтің жанында айқышқа шегеленген екі қарақшының аяқтарын сындырған, бірақ Мәсіхтің аяғы сынған жоқ, өйткені жазалаушылар Оның өліп қалғанын байқады.

### ***Қан мен судың ағуы***

Римдік сарбаздар Исаның өлгенін байқағаннан кейін, олардың біреуі найзасын Оның

бүйіріне сұғып жібергенде, «бірден қан мен су шықты» (Жохан 19:34). Ағылшын жазушысы Майкл Грин болған оқиғаның мәнін былай түсіндіреді:

Куәгерлердің айтулары бойынша, біз «қан мен судың» Исаның найзамен сұғып жіберілген жағынан ағып шыққанын білдік (қараңыз: Жохан 19:34–35). Осылай деп айтқанда куәгер бұл фактіге ерекше мән берген екен. Өйткені, егер найза денесін тесіп өткенде, Иса тірі болған болса, онда Оның жүрегі соғылған сайын қан қатты шашырап ағар еді. Алайда, бақылаушы жартылай сұйық қою қанның сыртқа шығып тұрғанын, онымен қоса сарысудың шаққанына ерекше мән берді. Бұл жерде артериядағы қанның ұюы өлімнің айқын күшті медициналық дәлелі болып табылады. Ең қызықтысы да осында, өйткені Ізгі Хабар таратушы бұл фактінің патологоанатом үшін маңызды екенін тіптен елестетпеген болар. Найзаны сұқаннан пайда болған «қан мен су» — Исаның өлгенінің бұлтартпас дәлелі<sup>4</sup>.

Пилат Мәсіхтің денесін ариматеялық Жүсіпке тапсырар алдында Оның шынымен де өлгеніне көзжеткізулерін талап етті.

Жазаны орындауға жауапты жүзбасы Исаны шынымен де өлді деп растағанынан кейін ғана ол денені айқыштан алып тастауға бұйырды.

Иса сөзсіз өлді. Тарихшылардың басым көпшілігі бұл шындыққа еш күмәнданбайды. Доктор Гари Хабермас Исаның өлімі туралы мәсіхшілік емес дереккөздерде айтарлықтай сенімді деректер бар екенін атап өтті. Оларға Ежелгі Римдегі ұлы тарихшы Корнелий Тациттің (Мәсіх туылғаннан кейінгі 55–120 жж.) жазбалары; яһудилік жазушы және тарихшы Иосиф Флавийдің еңбектері (Мәсіх туылғаннан кейінгі 37–97 жж.); сонымен қатар яһудилік Талмуд (Мәсіх туылғаннан кейінгі 70–200 жж.) жатады. Гари Хабермас мәсіхшілік емес жазбалар туралы былай дейді: «Исаның өлімін растайтын он екі дереккөз жиі аталады. Шамамен Иса қайтыс болғаннан кейінгі 20-дан 150 жылға дейінгі уақыт аралығын қамтитын бұл зайырлы дереккөздер ежелгі тарихнаманың өлшеміне сәйкес одан да ерте уақыт аралығын қамтыған»<sup>5</sup>.

Иса Мәсіхтің өлім жазасына кесілгендігінің дәлелінің растығы ежелгі тарихта жазылған кез келген фактімен сай екендігі анық. Сондықтан Исаның қайта тірілуі, Оның сынаққа шыдап, шәкірттерінің алдында қансырап жартылай өлі дене ретінде шәкірттерінің алдарында көрініп, адамдарға Өзінің өлімнен қайта тірілгенін айтуларын оларға бұйырған деп сендіретіндей етіп түсіндіруге тырысатын кез келген теорияны жоққа шығаруымыз керек.

### **Мәсіхті жерлеу**

Көптеген скептиктер Мәсіхтің өлімнен қайта тірілгені туралы күмән келтіретін «әлсіз жақтарын» табу үшін Оны жерлеуге қатысты оқиғалар мен ортаны мұқият зерттеген болатын. Сол үшін бізге тарихи деректерді қарастырып, олардың қаншалықты дәл және сенімді екенін тексеру өте маңызды. Жоғарыда жазып кеткеніміздей, билік басындағылар Исаны өлгеннен кейін қайта тірілді деген қауесеттің таралуына жол бермеудің алдын алу үшін арнайы

сақтық шараларын қабылдады. Сол шаралардың бірі Иса жерленген қабірге қатысты фактілерді қарастырайық.

### ***Жартастағы қабір***

Төрт Ізгі Хабарда да Исаның денесін жартаста үңгіп жасалған қабірге қойып, оның кіреберісі үлкен таспен жабылғандығы жазылған. Ізгі Хабар таратушылар Матай, Лұқа және Жохан бұл қабірдің жаңа болғанын, онда әлі ешкім жерленбеген еді деп хабарлайды (қараңыз: Матай 27:60; Лұқа 23:53; Жохан 19:41). Ізгі Хабар таратушы Матай бұл қабірдің ариматеялық Жүсіпке тиесілі екендігіне де назар аударады.

Археологтар Исаның кезінде қолданылған қабірлердің үш түрін тапқан болатын. Олардың барлығы кіреберіс жағынан диск тәрізді, салмағы орта есеппен екі тонна таспен жабылған. Әр қабірдің сыртында жартаста қашалған арнайы науа болатын, өйткені қабірді ашатын кезде ол тасты домалатуға ыңғайлы етіп жасалған. Бұл қазылған науа қабірдің кіреберіс жағынан ең терең болып қазылса, сол шұңқырдан көтерілген

сайын қазылған жердің де деңгейі көтеріле береді. Науаның ең биік бөлігіне диск тәрізді тасты домалатып қойып, оның астына тас домаланып кетпеуі үшін арнайы тіреуіш қойылды. Тіреуішті алып тастаған кезде, тас оңай төмен қарай сырғып түсіп, қабірдің бетін ешкім кіре алмастай қылып бекітіліп қалатын.

Исаның денесі осындай қабірге жасырылған болса, Оны сол жерден алып шығу үшін ерекше күш салу керектігі айдан-анық.

Ізгі хабарларда Исаның жерленгендігіне еш күмәнданбауымыз үшін бірнеше маңызды дәлелдер берілген. Біріншіден, елші Пауыл жерлеу туралы оқиғаны Қорынттықтарға арналған 1-хатында (15:3–5) растап жазған. Елші Пауыл өз хаттарында Мәсіхтің өлімінен кейінгі үш жылдан сегіз жыл аралығындағы материалдарды қолдандығы туралы көптеген дәлелдер бар. Осылайша, жерлеу тарихын Мәсіхтің қайтыс болған уақытына жақын болғандықтан, сол уақыт аралығында Исаның жерленуі туралы қандай да бір аңыздың қалыптасуы іс жүзінде мүмкін емес еді.

Екіншіден, Мәсіхтің жерлену оқиғасы бейнеленіп немесе стилистикалық жағынан жалған сипатта емес, өте қарапайым және түсінікті тілде берілген.

Үшіншіден, жерлеу тарихын сипаттауда қайшы келетін басқа ешқандай дереккөздер жоқ. Ізгі хабарларда көрсетілгендей жерлеу туралы оқиғаға қайшы келетін ертедегі құжаттар жоқ.

Төртіншіден, мәсіхшілер Исаны өлім жазасына кескен соттың мүшесі болған ариматеялық Жүсіп сияқты тарихи тұлғаны ойлап табуы екіталай. Неліктен ертедегі мәсіхшілер Исаның өліміне себеп болған соттың бір мүшесі болған адамды батыр етіп көрсетулері керек? Егер елшілер жерлеу туралы оқиғаны ойлап тапқан болса, онда оған Жүсіп сияқты тұлғаны енгізбейтін болар еді. Исаны жерлегендердің арасында ариматеялық Жүсіптің төрт Ізгі Хабарда айтылуы оқиғаның арасында да болғанын растайтын дәлел етпей ме?!

Жаңа Өсиетті зерттеуші Реймонд Браун: «Исаның жерленгендігі тарихи тұрғы-

дан күмәнсіз. Жерлеуді ариматеялық Жүсіп жасағандығы да ықтимал»<sup>6</sup> — деп қорытындылайды.

### *Яһудилік жерлеу рәсімдері*

Жаңа Өсиетте Мәсіхтің жерленуі яһудилерде қабылдаған дәстүрлер бойынша өтті деп тікелей айтылады. Исаны айқыштан түсіріп, Оның денесін шүберекпен орап жауып тастады. Яһудилер дененің айқышта түні бойы қалмауын қатаң талап етті.

Жаңа Өсиет бізге Никодим мен ариматеялық Жүсіп Мәсіхтің денесін жерлеуге дайындағаны туралы хабарлайды (Жохан 19:38–42). Яһудилердің дәстүрі бойынша, өлген адамның денесін жерлеу бөлмесіндегі тас үстелге қою керек болған. Мәйітті алдымен жылы сумен жуатын.

Содан кейін, Жаңа Өсиеттің дәстүрімен расталған әдет бойынша, қайтыс болған адамның денесі әр түрлі хош иісті заттардың көмегімен жерленуге дайындалуы керек. Біздің пайымдауымызша, Мәсіхті жерлеуге шамамен отыз-қырық бес килограмм осындай хош иісті зат пайдаланылған. Мұндай

көрнекті тұлға үшін бұл сай мөлшер болды. Мысалы, көрнекті яһудилік ғалым Хиллдің немересі және Исаның замандасы Гамалиелдің денесін жерлеуге дайындық кезінде қырық килограммға жуық хош иісті зат қолданылған. Иосиф Флавийдің айтуы бойынша, Ирод патша қайтыс болғанда, осы хош иісті заттарды алып жүру үшін бес жүз қызметші қажет болған<sup>7</sup>.

### *Зығыр матасын пайдалану*

Өлген адамның денесі ретке келтірілгеннен кейін, мәйітті зығыр матамен тігілген ақ киімге киіндірген. Бұл киімдерді арнайы әйелдер тігеді. Тігу кезінде түйіншек жасауға болмайтын. Өлген адамның денесін үш бөлек киімге көмуге тыйым салынды.

Осы кезде алой ағашының ұнтақталған кесектерінен жасалған хош иісті зат мүр деп аталатын шайырлы затпен араластырылды.

Өлген адамның денесін аяқтарынан бастап зығыр матасына орайды, әр орамның арасына мүрмен араластырып жасалынған хош иісті затты жағады. Мәйітті

жерлеуге дайындағандар оны алдымен қолтыққа дейін орап, сол оралған матаның үстіне, кеуденің тұсына қолдарын қойып, мойынға дейін орап тастайды. Ал басты бөлек матамен ораған. Мұндай бәтес орауыштың салмағы елу килограмға дейін немесе одан да көп салмақ болуы мүмкін.

Иоанн Златоуст, Иса Мәсіх туылғаннан кейінгі төртінші ғасырдың өзінде, осыған байланысты «мүр сол кездерде қолданылған қатты жабысқақ дәрі сияқты, сондықтан мүрмен жабыстырылған бәтес орауышты шешу үшін көп күш жұмсау керек» деп атап өтті.

## **Қауіпсіздік шаралары**

### ***Римдік күзетші сарбаздар***

Мыңдаған адамдар Мәсіхке бет бұрғандықтан, яһуди ақсақалдары дүрбелеңге түсті. Саяси тұрғыдан пайда болатын мәселелерді болдырмау үшін яһудилерге де, римдіктерге де Исаның денесін тез алып тастау қолайлы болды. Сондықтан, Исаны айқышқа

шегелегеннен кейін, бас діни қызметкерлер мен парызшылдар Пилаттың алдына келесі сөздермен келді:

Тақсыр, әлгі «алдамшы» Кісінің тірі кезінде: «Үш күннен кейін қайта тірілемін» дегені есімізге түсті. Сондықтан да қабірді үшінші күнге дейін күзетіп, қауіпсіз етуге бұйыра көріңіз. Әйтпесе Оның шәкірттері (түн ішінде) келіп, сүйегін ұрлап алып кетіп, халыққа «өлімнен қайта тірілді» деп жүрулері мүмкін. Сонда соңғы алдау алғашқысынан да бетер болар. — Пилат: — Мейлі, қарауыл тобын алыңдар. Барып, қабірді өздерің білгендеріңше күзетіп, қауіпсіздігін қамтамасыз етіңдер, — деп шешті. Олар барып, мазардың айналасына күзет қойып, қақпақ тасты мөрмен бекітіп тастады.

*Матай 27:63–66*

Римдік атақты легионды Цезарь өзінің кең империясындағы тәртіпті сақтайтын мықты құралы етті. Рим империясы өзінің үздіксіз әрі ұзақ билік ете алғаны үшін тарихта бұрын-соңды болмаған осындай шыңдалған жауынгерлерге, теңдесі жоқ «соғыс машиналарына» қарыздар<sup>9</sup>.

Рим әскерінің тәртібі туралы айтылған көптеген сенімді ақпарат көздерінен белгілі болғандай, римдік күзетте төрт сарбаздан бастап он алты сарбазға дейін тұратын бөлімше болған. Әр сарбаз айналасында бір жарым метрлік кеңістікті қорғауға машықтанды. Төрт төрттен квадратқа сап түзеген он алты сарбаз отыз метр жерді қорғауға, тіпті тұрған аймақтарын бүкіл батальоннан қорғауға қабілетті болды.

Әдетте, белгілі бір аумақты күзетуге тағайындалған римдік күзетшілер келесідей әрекет етті: төртеуі күзетуі керек нәрсенің алдында тұрды. Қалған он екі сарбаз бастарын ішке қаратып, күзетте тұрған төртеуінің алдында жартылай шеңбер құрып жататын. Күзетшілер күзетіп тұрған нәрсені ұрлау үшін ұрылар алдымен ұйықтап жатқан жауынгерлерді басып өтулері керек еді. Әр төрт сағат сайын төрт сарбаздың кезекті ауысымы, яғни төртеуі оянып, күзетте тұрған төртеуі ұйықтауға жататын. Осылайша, бір-бірін ауыстыра отырып, сарбаздар тәулік бойы күзеттерін тоқтатпайтын.

### ***Римдік мөр***

Ізгі Хабар таратушы Матай жоғары діни қызметкерлер «Олар барып, мазардың айналасына күзет қойып, қақпақ тасты мөрмен бекітіп тастады» деп жазады (Мат. 27:66). Киелі кітап ғалымы А.Т. Робертсонның айтуы бойынша, бұл тасты қабірді күзетуге берілген римдік күзетшінің қатысуымен ғана мөрленуі мүмкін болған<sup>10</sup>. Мұндай рәсімнің мақсаты біреудің қабірдің ішіндегісін жасырын түрде өзгертіп жіберуіне жол бермеу болды.

Күзетшілер қабірді тексеріп, тасты орнына домалатқаннан кейін, жартасты арқанмен қоршап байлап, оның әр ұшын саз балшықпен бекіткен. Осыдан кейін әр балшық кесегіне Рим билеушісінің ресми мөрі қойылды.

Қойылған мөр Рим империясінікі болғандықтан, Мәсіхтің денесі Рим империясының күшімен және билігімен күзетілетіндігін растады. Қабір алдындағы тасты қозғалтуға тырысқан кез келген адам міндетті түрде мөрді бұзып, Рим билеушілерінің қаһарына ұшырайтын еді.

## **Қайта тірілу туралы ерекше мән беру керек фактілер**

Мәсіхтің қайта тірілгеніне кім болсын, тіпті қандай көзқараспен қарайтын болса да, әркім сол күні таңертең барлық адамзат үшін бір маңызды оқиға болғанын мойындауы керек. Бұл таңқаларлық нәрсе, он бір ер адамның өмірін түбегейлі өзгертті, оларға қорлық пен қуғын-сүргінге, азап пен қиыншылыққа төтеп беруге, тіпті өздерін құрбан етуге дейін жеткізетін күш берді. Бұл «таңқаларлық нәрсе» Мәсіхтің қабірінің бос болғандығы — оның бос екеніне көз жеткізу немесе оны жоққа шығару үшін Иерусалимнің орталығынан небары он бес минуттық жолды алған екен!

Бос қабір туралы жаңалықтар және қайта тірілген Иса Мәсіхтің пайда болуы барлық ойшылдарды дүр сілкіндірді, сол кезден бастап тарихтың барысы анықтала бастады. Ол жерде бірдеңе болғаны анық. Бір ұлы нәрсенің болғаны анық!

Егер сіз Мәсіхтің өлімі мен қайта тірілуіне байланысты оқиғаларды саналы

түрде қарастырғыңыз келсе, онда логикалық тұрғыда ақылға келмейтін кейбір фактілермен санасуыңыз керек. Яһудилер мен римдіктер Исаның өлгеніне және қабірде қалғанына күмәнданбау үшін барынша мұқият әрекет етіп бар күштерін салды. Барлық сақтық шараларына — Оны айқышқа шегелегендеріне, қабірге жерлегендеріне, мөр басқандарына және күзеткендеріне қарамастан, бір нәрсе болғандығы және бұл нәрсе қайта тірілуді сынаушыларды, Исаның өлімнен қайта тірілмеген деген көзқарасты қорғайтындарды өте қиын жағдайға қалдыратындығы анық.

Енді осы оқиғаларға тағы бір көз жүгіртіп, бірнеше тұжырым жасайық.

### ***№ 1 факт: Римдік мөр бұзылған***

Сол қайта тірілу күнінің таңертеңінде Рим империясының күші мен билігін бейнелейтін мөр бұзылды. Бұл фактіні ешкім жоққа шығармайды. Өйткені мұндай іс-әрекеттің салдары тым ауыр еді. Егер осы-

ны істеген адам немесе бірнеше адам тобы ұсталған болса, жақсылықпен бітпеуші еді. Мәсіхтің шәкірттері бұл мөрді бұзуға батылдары барар ма еді? Екіталай. Мәсіхті тұтқындағаннан кейін олар барлық абдырау мен қорқыныш белгілерін көрсетті. Петір тіпті Мәсіхті білетіндігінен танды.

### ***№ 2 факт: Қабірдің бос болуы***

Жексенбі күнінің таңындағы қабірдің бос болғандығы тағы бір айқын факті. Қабірдің бос екенін ешкім ешқашан жоққа шығарған емес. Мәсіхтің шәкірттері Оның қайта тірілгенін білгендерінен кейін, кенеттен батыл және қайсар болып, Афинада немесе Римде Оның қайта тірілуі туралы уағыздау үшін бармағанын атап өту маңызды; олар тікелей Иерусалимге барды — егер олардың айтқандарының бәрі шындыққа сәйкес келмесе, олардың сөздерін оңай жоққа шығаруға болатын еді. Егер қабір шынымен бос болмаса, Иерусалимде қайта тірілу туралы уағыздау мүмкін емес еді. Пол Мейер мұны былай деп түсіндіреді:

Бірінші Қайта тірілу мейрамынан жеті апта өткеннен кейін Иерусалимде болған оқиға Исаның сүйегі Жүсіптің қабірінен қандай да бір жолмен жоғалып кеткеннен кейін ғана болуы мүмкін еді. Әйтпегенде, ғибадатхана басшылары елшілермен күресінде, ариматеялық Жүсіптің Исаға арнап жасаған қабіріне тез жорық ұйымдастырып, № 1 фактіге сай заттай дәлелдерді көпшілікке жариялау арқылы, көтеріліп бара жатқан қозғалысты тоқтатар еді. Алайда діни қызметкерлер мұны жасамады, өйткені олар қабірдің бос екенін білді. Олардың осы жағдайға деген ресми түсіндірмесі, яғни шәкірттердің мәйітті ұрлап алғаны — қабірдің шынымен де иесіз қалғандығын мойындау болды<sup>11</sup>.

Кейбіреулер бос қабір туралы оқиғаға қарсылық білдіріп, оны тарихи фактілерден гөрі аңыз немесе шамадан тыс мадақтау деп санады. Қабірдің бос болуы еш мадаққа да, аңызға да қатысты еместігінің дәлелдерінің бірі — қабірдің бос екендігін бірінші болып әйелдердің тапқаны. Бірінші ғасырда Палестинада әйелдердің әлеуметтік беделдері төмен болды, олар

тек азаматша ретінде немесе сотта куәлік бере алатын куәгер ретінде ғана саналды. Яһудилік заңдар бойынша әйелдерге тіпті бұған жол берілмеген. Сонымен, неге мәсіхшілікті насихаттағысы келетіндер шәкірттерді — жаңа сенімнің бастаушылары — оларды Мәсіхтің айқышқа шегелену кезінде шашырап кетулеріне мәжбүр ететін аңызды ойлап тапты екен, ал әйелдер батыл түрде қабірге бет бұрып, оның бос екендігінің алғашқы куәгерлері болды? Мұндай аңыз жаңа сенімді алға жылжыту мақсатында қолданылған еді. Жалпы әйелдердің алғашқы куәгер ретінде ұсынылуының ең жақсы түсіндірмесі оның шындық екенін айтады.

***3-факт: Римдік күзетшілердің  
рұқсатсыз күзет орындарын  
тастап кетуі***

Рим сарбаздары күзету керек болған жерден кетіп қалды. Бұл түсіндіруді қажет ететін өте қызықты факт.

Римдіктердің әскери ұйымын мұқият зерттеген доктор Джордж Кэрридің хабар-

лауынша, әскери тәртіпті бұзудың кейбір түрлері, мысалы, қаруды тастап, жоғалтқаны немесе бүлдіргені үшін, жауға әскери құпияны ашқаны үшін, командирді қорғаудан бас тартып, түнгі күзетті тастап кеткендері үшін өлім жазасына кесіледі<sup>12</sup>. Осы тізімге күзетте ұйықтап қалуды да қосуға болады (қараңыз: Матай. 28:13). Егер сарбаздардың қайсысы қылмыс жасағанын анықтау мүмкін болмаса, онда олардың барлығы жасалған кінә үшін кімді өлім жазасына кесетінін анықтауға жеребе тастайтын.

Сот үкімін орындаудағы жазалардың бірі келесідей болды: сотталғанның киімдері үстінен жұлынып алынып, тірідей өртейтін, отты сотталушының киімімен тұтандыратын. Римдік әскери тәртіп пен қауіпсіздік тарихы туралы дереккөздерде күзетшілер қабірдің бос екендігіне сенімді болмаса, олар ешқашан өздерінің күзет орындарын тастап кетпейтіндігіне куәлік етеді. Командирлерінен және жазадан қорыққандары соншалықты сарбаздар әр бұйрықты барынша мұқият зер салып орындайтын.

Кезінде Иерусалимдегі «Бақ мазары»\* археологиялық кешенін басқарған доктор Билл Уайт алғашқы қайта тірілуді және одан кейінгі оқиғаларды егжей-тегжейлі зерттеген болатын. Уайт Рим сақшыларына пара берген яһудилік ақсақалдарына кейбір сындар айтады (қараңыз: Матай 28:11–14):

Егер тас қабірдің ішіне кіру қажет болғандықтан, қабір сыртындағы тасты жылжытқан болса, онда олар күзетшілерді бекетте ұйықтап жатыр деп айыптап, қатаң жазаға кесулерін талап етуге болатын. Тіпті егер олар жер сілкінісінің мөрді бұзғанын және тастың жер сілкінісінен кейін домаланғанын дәлелдеп қарсылық білдірсе де, олар бәрібір кінәлі болып саналды, тіпті қорқақтық танытты деп жазаға тартылатын еді.

Бірақ істің мән-жайы мұндай мүмкіндіктерді жоққа шығарады. Жоғарғы діни қызметкерлерге күзетшілерге ешқандай айып тағуға мүмкіндік бермейтін бұлтартпас дәлелдер болды. Яһуди ақсақалдары қабірге міндетті түрде барып, тасты және оның тұр-

---

\* Иерусалимдегі ежелгі үңгір қорымы; Иса Мәсіхтің жерлеу орны болуы мүмкін деп саналады. — *Ауд. ескерту.*

ған орнын мұқият тексеріп, күзетшілердің оны жылжытуға мүмкіндіктері болмағандықтарына көз жеткізді. Бірде-бір сол кездің ойшылдары саналы түрде мұндай жағдайға нақты жауап бере алмады, тіпті бұған кінәлі адамды да таба алмады, сондықтан олар күзетшілерге пара беруге мәжбүр болды және болған жағдайды жасыруға тырысып бақты<sup>13</sup>.

***№ 4 факт: бәтес орауыш  
пен бет бүркелген сүлгінің бос  
қабірде жерде жатуы***

Жексенбі күні таңертең Мәсіхтің денесі қабірде болмағанымен, қабір бос емес еді. Оның ішінде таңғажайып құбылыс болды. Қабірге келіп, домаланған тасты көрген әйелдер, шәкірттеріне барып, көргендерін хабарлаған еді.

Хабарды ести салып Петір мен Жохан дереу қаладан шығып, қабірге қарай беттеді. Жохан Петірді басып озса да, қабірдің кіреберісіне келіп ішке бірінші болып кірмеді. Керісінше, ол қабірге еңкейіп қарағанда, таңғажайып бір нәрсені көрді, сондықтан ол бірден Мәсіхтің қайта тірілгеніне сенді.

Ол Мәсіхтің денесі жатқан жерге қарағанда бәтес орауыш пен Исаның беті бүркелген сүлгіден басқа ештеңені көрмеді. Қабірде осылардан басқа ештеңе болған жоқ! Оның көргендері өмірінің соңына дейін жадында сақталып қалды.

Петір мен Жоханды таңдандырған бірінші нәрсе бос қабір емес, сабанның бос болғаны. Майкл Грин бұған қатысты өзінің көзқарасын былай деп білдірді:

Олардың құрметті ықыласты сезінулері таңқаларлық емес және Оның сөздерінің растығына сенімді болды. Мұндай керемет нәрсе жасау кез келген қабір тонаушының қолынан келмейтіні анық. Бұл тіпті тонаушының басына келмес еді. Ол мәйітті бәтес орауышпен бірге алып кетуші еді<sup>14</sup>.

### ***№ 5 факт: Мәсіхтің қайта тірілгені расталды***

Қазіргі заманда кейбір ғалымдар Оның шәкірттерінде, бар-жоғы, қайта тірілген Исаны көрдік деген *сенімдері* ғана болған деп ойлайды. Киелі кітап зерттеушісі Реджинальд Фуллер батыл түрде «айқышқа шеге-

ленгеннен кейін бірнеше аптаның ішінде Исаның шәкірттері мұны тарихтың даусыз фактілерінің бірі деп санады»<sup>15</sup> дейді. Шәкірттердің сенімдерінің нығаюына не себеп болды? Қауым пайда болған кезден бастап, Исаның ізбасарларына жеке Өзі көріне бастады деп айтылады.

Қандай да бір тарихи оқиғаны зерделеген кезде, бұл оқиға орын алып, көпшілікке мәлім болған кезде, осы оқиғаның куәгерлерінің жеткілікті мөлшерде болуы, қатысушылары немесе куәгерлері тірі болғанын анықтау өте маңызды. Өйткені куәгерлердің көп болуы жазылған ақпараттың дұрыстығын растауға көмектеседі.

Мәсіхтің қайта тірілгеннен кейін пайда болған алғашқы дәлелдерінің бірі — Елші Пауылдың Қорынттықтарға арналған 1-хатында (15:3–8) жазылған:

Менің қабылдап алып, сендерге жеткізген ең басты хабарым мынау болды: Киелі жазбаларда алдын ала айтылғандай, Мәсіх біздің күнәларымыздың құнын өтеу үшін жанын құрбан етті. Осы жазбалардың тағы

алдын ала айтып кеткеніндей, Мәсіх қабірге қойылып, үшінші күні қайта тірілді. Ол Кефаға (яғни Петірге), содан кейін он екі елшінің бәріне көрінді. Мұнан соң Оны бес жүзден аса бауырластарымыз да бір мезгілде өз көздерімен көрді: олардың көпшілігі әлі тірі, біразы ғана қайтыс болды. Содан кейін Мәсіх Жақыпқа, сондай-ақ барлық елшілеріне көрінді. Бәрінен кейін, дер кезінде жаңа өмірге дайын болмаған мен де Мәсіхті өз көзіммен көрдім.

Барлық дерлік зерттеушілер осы жолдар арқылы Елші Пауыл Қорынттықтарға арналған 1-хатында жазғанға дейін пайда болған ежелгі сенімді (немесе дәстүрді) жазады (б.з. 50-ші жылдардың ортасы) деген пікірмен келіседі. Шындығында, бұл ежелгі сенім нышанын зерттеген көптеген ғалымдар оны Мәсіхтің айқышқа шегеленгенінен үш-сегіз жыл аралығын қамтиды деп белгілейді. Елші Пауыл бұл сенім нышанына үш жыл өткен соң Иерусалимдегі Петір мен Жақыпқа барған кезде ие болды деп айтылады, бұл Иса айқышқа шегеленгеннен кейін бір-төрт жыл аралығында болған

(қараңыз: Ғал. 1:18–19). Сол себепті тарихшы Ханс фон Кампенгаузен бұл мәтінді «тек осындай мәтін ғана тарихи дәлдіктің барлық талаптарына сай келеді» деп дәлелдейді<sup>16</sup>.

Бұл тармақтарда елші Пауыл бір уақытта бес жүзден астам адамның Мәсіхті көргендігін негізге алады. Елші оларға бұл адамдардың көпшілігі әлі тірі екенін және оларға сұрақ қоюға болатындығын ескертеді. Бұл пікір осыдан екі мың жыл бұрын болған оқиғаның растығын дәлелдейтін бұлтартпас айғақ.

Жаңа Өсиет зерттеушісі Ч.Доддтың осыған ұқсас көзқарасын байқауға болады, «бұл 500-дің көпшілігінің тірі екендігі туралы айтудың еш мәні жоқ, егер Пауыл “куәгерлер мұны жеке өзі растай алады” деп айтқысы келмесе»<sup>17</sup>.

Бұл куәгерлердің арасында Мәсіхке қарсы болған немесе Оның қайта тірілгеніне күмәнданғандар болды. Тарстық Саулдың Мәсіхтің ізбасарларының қатарынан екендігіне адамдардың ешқайсысы сенбейді. Ол Мәсіхті жек көрді және бүкіл мә-

сіхшілік қозғалыстарды жою мақсатында мәсіхшілерді қудалады. Кейінірек аты Пауыл болып өзгертілген Саул мәсіхшіліктің ең ұлы және жалынды жақтаушыларының бірі болды. Мұндай түбегейлі өзгеріске не себеп болуы мүмкін? Бұған тек қана Мәсіхтің қайта тірілуі себеп болуы мүмкін (қараңыз: 1 Қор. 9:1; Елшілердің істері 22:4–21).

Немесе, мысалға, Исаның інісі Жақыпты алайық. Ізгі Хабарда Исаның бірде-бір бауыры тірі кезінде Оған сенбегендері айтылған (қараңыз: Жохан 7:5; Марқа 3:21–35). Оның үстіне, олар Иерусалимдегі ұлттық мейрамда Исаны өлім тұзағына түсіруге тырысты. Алайда кейінірек Жақып Исаның ізбасарларына және қудаланған мәсіхшілер тобына қосылды. Ол алғашқы қауымды бастаушылардың және азапталушылардың бірі болды, мұны Иосиф Флавий, Егазимов пен Клемант Александрийский растады. Оның мәсіхшілерге деген көзқарасының күрт өзгеруіне не себеп болды? Мүмкін Жақып та Исаны қайта тірілгеннен кейін көрген болар?

## **Қайта тірілуге «түсінік беруге» талпыныс**

Иса Мәсіхтің қайта тірілуі бұрмаланған деп көрсету үшін көптеген теориялар алға тартылды. Қайта тірілуге қатысты фактілердің көпшілігі жоққа шығарылмайтын болғандықтан, бұл әрекеттер фактілерді басқаша түсіндірумен және қайта тірілуді аңыздар, мифтер немесе табиғи заңдылықтардың әрекеттер қатарына жатқызбақшы болды. Скептиктердің кейбірі ғана негізгі фактілерді жоққа шығарады — сот, айқышқа шегелеу, жерлеу, қарауыл, мөр немесе бос кабір — оларды растайтын тарихи дәлелдер тым күшті. Олар бұл фактілер өлген адамның өмірге қайта келуі туралы айтады дегенді жоққа шығарады. Олардың позициясы келесідей тұжырымдалуы мүмкін: «Мұның бәрі рас, бірақ басқа да түсіндірмелер болуы тиіс».

Жаңа Өсиет ұсынған түсініктемені қабылдағаннан гөрі, осы теориялардың кейбірімен келісу үшін әлдеқайда көп сенім қажет. Біз осы теориялардың әрқайсысын

қайта тірілуге «Дәлелдер» бөлімінде қарастырдық. Бұл жерде біз кез келген теория барлық фактілерді, соның ішінде елшілер Исаның үшінші күні физикалық түрде тірілді деген сенімі үшін азап пен өлімді қабылдауға дайын болғанымен қоса, барлық фактілерді түсіндіруі керек екенін атап өтеміз. Егер қайта тірілу өтірік болса, онда олар неге азап пен өлімге дайын болды? Кейбіреулер мұны елшілер жаппай галлюцинацияның ықпалында болды деп түсіндіруге тырысты, бірақ психологтар бізге галлюцинация — бұл жеке адамның алаңдаушылығы және адамдар тобында бірдей галлюцинация болуы мүмкін емес дейді. Бұл балама түсініктемелер нақты көрсетілген дәлелдерге сәйкес келмейді.

## 4 - Тарау

### ЕНДІ ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТУІМІЗ КЕРЕК?

**О**сы кітапта келтірілген Иса Мәсіхтің қайта тірілуіне қатысты тарихи дәлелдерді қалай бағалайсыз? Мәсіхтің қабірі бос болғандығының құжат түріндегі дәлелі бар екенін біле отырып, сіз қандай шешім қабылдайсыз? Мәсіх туралы не ойлайсыз?

Мен (Джош) Мәсіхтің қайта тірілуінің бұлтартпас дәлелдерімен бетпе-бет келгенде, өзіме: «Мәсіхтің күнәларым үшін айқышта өліп, қайта тірілгеніне сенсем де, сенбесем де, бұл менің өміріме қалай әсер етеді?» деген сұрақ қоюыма тура келді.

Бұл сұраққа жауап берер алдында, Исаның шәкірттеріне айтқан мына бір сөздеріне назарыңызды аударсаңыз: «Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды...» (Жохан 14:6). Елші Петір өзінің Ұстазының батыл сөзін қолдап: «Иса — құрылысшылар, яғни сіздер, менсінбей бас тартқан Тас. Ол «енді үйдің басты іргетасына айналды!» Исадан басқа ешкім де бізді (Құдайдың қаһарынан) құтқара алмайды! Аспан астында бізді құтқаратын басқа ешкімнің есімі адамдарға бұйырылмаған!» (Елшілердің істері 4:11–12) деген екен.

Иса Көктегі Құдай Әкемен қарым-қатынас орнатудың жалғыз жолы екенін тікелей айтты. Біздің Құдаймен қарым-қатынасымызды түзетудің маңызды себептердің бірі — күнә. Римдіктерге арналған хаттың 3:23-ке сәйкес, барлығымыз, яғни әрқайсымыз — Құдайдың кемелді адамгершілік нормаларына сәйкес келмейміз. Нәтижесінде біз қасиетті Құдайдан алшақтап, күнәларымыз үшін осындай жазаға кесілдік.

Алайда Ізгі хабардың таңғажайып ақиқаты — біз күнәларымызға өкініп, Мәсіхке сенетінімізді мойындау арқылы Құдаймен тату бола аламыз делінген (қараңыз: Рим. 5:1). Мәсіхтің қайта тірілуіне және Исаның күнәлардың кешірілуіне және Құдаймен мәңгілік қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретіні туралы дәлелдерді біле отырып, бұл ақиқатты жоққа шығару ақымақтық болар, солай емес пе?

Иса Мәсіх тірі! Ол бүгін де біздің қасымызда! Ең дұрыс шешім — өмірімізді Оған сеніп тапсыру және тек Ол ғана орындай алатын жеке өзгерістерді бастан кешіру.

### **Исаның сіз үшін жасағандарына қалай жауап бере аласыз?**

Исаның өлімі мен қайта тірілуі арқылы сіз үшін жасағандарына дұға етумен жауап бере аласыз. Дұға — бұл Құдаймен тілдесу. Құдай сізді өте жақсы біледі, Оған сіздің айтқан сөздеріңіз емес, жүрегіңіз маңызды. Егер сіз өміріңізді Иса Мәсіхке бағыштаған

болмасаңыз, оны дәл қазір мына дұға арқылы жасай аласыз:

Иеміз Иса, Сен маған керексің. Менің күнәларым үшін айқышта өлгеніңе алғысымды айтамын. Өмірімнің есігін Саған ашып, Сені менің Құтқарушым және Ием ретінде мойындаймын. Күнәларымды кешіріп, маған мәңгілік өмір сыйлағаның үшін мың алғыс. Менің өмірімнің тағынан Өзіңе лайық орныңа отырып, Өзің қалағандай адам етіп жасай гөр.

Бұл дұға сіздің жүрегіңіздің қалауын білдіре ме? Олай болса, дәл қазір дұға етіңіз, сонда Иса Мәсіх сіздің өміріңізге уәде еткендей кіреді.

Мәсіхті жүрегіңізге қабылдау үшін дұға еттіңіз бе? Оның Аян кітабындағы уәдесіне сәйкес (3:20), Ол қазір сізбен қандай қарым-қатынаста? Мәсіх біздің өмірімізге енетінін айтады. Ол уәдесінде тұра алмайтын кездер бола ма? Әрине, жоқ! Құдай сіздің дұғаңызға жауап беретініне сенімді бола аласыз, өйткені сіз Оған және Оның Киелі Сөзіне сенім арта аласыз.

Киелі Кітапта Мәсіхті қабылдау арқылы сіз мәңгілік өмірге ие боласыз деп уәде

етілген: «Бұл куәліктің мәнісі мынадай: Құдай бізге мәңгілік өмір сыйлады. Осы өмір Оның рухани Ұлында: Құдайдың рухани Ұлымен байланысы бар адам шынайы өмірге ие, ал Онымен байланысы жоқта шынайы өмір де жоқ. Сендер Құдайдың рухани Ұлына сенгендіктен мәңгілік өмірге иесіңдер. Оған сенім артқан сендердің соны білулерің үшін бұларды жазып отырмын» (1 Жохан 5:11–13).

Иса Мәсіх сіздің өміріңізде екеніне және Ол сізді ешқашан тастамайтындығына дәл қазір Құдайға шүкіршілік етіңіз (қараңыз: Евр. 13:5). Оның уәдесіне сүйене отырып, сіз Мәсіхтің сізде өмір сүретінін және оны жүрегіңізге шақырған сәттен бастап мәңгілік өмірге ие болғаныңызды біле аласыз. Ол ешқашан сізді алдамайды.

### **Өз сенімімізде қалай өсуімізге болады?**

Сіз мәсіхшілік өмірді жалғыз сүру үшін жаратылмағансыз. Құдайдың Киелі Сөзі бізді рухани өсуге және бір-бірімізді қол-

дау үшін басқа мәсіхшілермен кездесуге шақырады (қараңыз: Евр. 10:25). Жалғыз адам айдалада өскен ағашпен тең. Сондықтан да «жалғыздық Құдайға ғана жарасқан, адамның күні адаммен» дейді. Ал көппен қарым қатынаста болу-береке, бірліктің, татулықтың ізгі бастауы болмақ. Бұл дегеніміз басқа да қауым мүшелерімен бірлікте болыңыз. Егер сіз қауым мүшесі болмасаңыз, онда өзіңізді шақырғандарын күтпеңіз, алғашқы қадамды өзіңіз жасаңыз. Мәсіхке ғибадат ететін және Оның Киелі Сөзі оқытылатын жақын маңдағы қауым бағушысымен сөйлесіңіз. Осы аптадан бастап, үнемі қауымға баруды жоспарлаңыз.

Егер сіз осы кітап беттерді оқи отырып, Құдаймен Мәсіх арқылы берік қарым-қатынас орнатқан болсаңыз, бізге хат жазып, өз оқиғаңызбен бөлісе аласыздар. Біз шын жүректен қуана сіздерге Мәсіхтің жолымен жүруге көмектесетін материалдармен бөлісетін боламыз. Осы веб-сайт арқылы бізбен байланыса аласыздар: [www. JoshMcDowell.ru](http://www.JoshMcDowell.ru). Бұл сайт көптеген пайдалы ақпараттарға, мысалы, сіздің рухани сапарыңызға

көмектесетін түрлі видеоматериалдар, мақалалар, кітаптар және басқа да қажетті ресурстарға толы.

Осы кітап пен сіздің Мәсіхке деген сенім білдірудегі шешіміңіз Құдаймен жаңа қарым-қатынастың нәтижесі ретінде өміріңіздің түбегейлі өзгеруіне тілектеспіз.

*Джош Д. Макдауэлл  
Шон Дж. Макдауэлл*

## А В Т О Р Л А Р Т У Р А Л Ы

***Джош Макдауэлл*** — белгілі американдық қоғам қайраткері, публицист, ол 1961 жылдан бастап өз қызметін атқарып жүрген уағыздаушы; діни секталар мен жалған пайғамбарлықтар жөніндегі сарапшы; әдеттен тыс мәсіхшілік сенімдер мен культтердің қарсыласы және сыншысы. Әлем бойынша 118 елде 10 миллионнан астам адамды біріктіретін 24000-нан астам семинар өткізген. Ол 85 тілге аударылған 150-ге жуық кітаптардың авторы және бірлескен автор. Джош бүгінгі күнде әлемді шарлап, жастар мен ересектерге сенімдерінде берік болуларына көмектесуде. Өзінің әйелі Доттимен отау құрғандарына 40 жылдан астам уақыт өтті. Олардың төрт баласы, он немересі бар.

***Шон Макдауэлл*** — сенушілерге, әсіресе жас сенушілерге өз сенімдерінде берік болуларына көмектесетін көрнекті мәсіхші апологет; әр түрлі оқу орындарында, қауымдарда, лагерьлерде, конференцияларда сөз сөйлейтін дарынды оратор;

18-ден астам кітаптың авторы, бірлескен автор және редакторы. Шон, әкесі сияқты, Талбот теологиялық семинариясын бітірді (Теология және философия ғылымдарының магистрі); қазіргі уақытта — Биола университетінің адъюнкт-профессоры. Ол әйелі Стефани және үш баласымен бірге Сан-Хуан Капистранода (Калифорния) тұрады.

# Ескертпе

## 1-тарау

### Қайта тірілу неге маңызды?

1. «SuperNinjette», қолданушының пікірі [www.atheistnetwork.com](http://www.atheistnetwork.com) сайтында жарияланды, 16 шілде 2007 ж.
2. «...Адамзаттың ғасырлар бойғы еңбектері, рухани құлшыныстары, шабыт пен данышпандылықтарының нұры жоғалып кетудің алдында тұр... адамзаттың жетістіктер ғибадатханасы міндетті түрде қирайды... Тек осы шындықтарға сүйену арқылы, осы бір үмітсіздіктің берік негізіне арқа сүйеп — тек осылар арқылы ғана жанның мекені сенімді түрде құрылатын болады». Бертран Рассел, «Еркін адамның табынуы».
3. N. T. Wright, *The Challenge of Jesus* (Downers Grove, IL: Inter-Varsity Press, 1999), 126.
4. Бұл тармақтап: Stephen T. Davis, *Risen Indeed* (Grand Rapids: Eerdmans, 1993), 203–4.
5. Isaac Asimov, op. By: Randy Alcorn, *Heaven* (Carol Stream, IL: Tyndale, 2004), 393.
6. Alcorn, *Heaven*, 241.

## 2-тарау

### **Қайта тірілудің шынында да болғанына біз қалай көз жеткізе аламыз?**

1. Craig Blomberg, *The Historical Reliability of the Gospels* (Downers Grove, IL: InterVarsity Press, 1987), 73.
2. Ross Clifford, *Leading Lawyers' Case for the Resurrection* (Edmonton, Alberta: Canadian Institute for Law, Theology & Public Policy, 1996), 104–5.
3. Blomberg, *Historical Reliability of the Gospels*, 75–76.
4. Norman L. Geisler, *Miracles and Modern Thought* (Grand Rapids: Zondervan, 1982), 58.
5. Ronald Sider, «A Case for Easter» *HIS* (Сәуір 1972), 27–31.
6. Louis Gottschalk, *Understanding History*, 2nd ed. (New York: Knopf, 1969), 150.
7. Sean McDowell, *The Fate of the Apostles* (Farnham, UK: Ashgate Press, 2015).
8. Жаңа Әсиет қолжазбаларының шынайылығы туралы егжей-тегжейлі қарастыру үшін біздің «Шешім қабылдауды талап ететін дәлел: күмән тудыратын әлем үшін өмірді растайтын шындық» кітабын қараңыз. (*Evidence That Demands A Verdict: Life-Changing Truth for a Skeptical World*; Grand Rapids: Baker Books, жоспарланған шығарылым — 2017 жылдың күзі).
9. John Wenham, *Easter Enigma* (Oxford, UK: Paternoster Press, 1984), 10–11. Үйлестірудің

- тағы бір әрекеті туралы қараңыз Jesus Christ: The Greatest Life Ever Lived, comp. and trans. Johnston M. Cheney and Stanley Ellisen (Eugene, OR: Paradise Publishing, 1994), a revision of The Life of Christ in Stereo (Portland, OR: Western Baptist Seminary Press, 1969).
10. Stephen T. Davis, Risen Indeed (Grand Rapids: Eerdmans, 1993), 69.
  11. N. T. Wright, «The Transformation of the Bodily Resurrection», in The Meaning of Jesus: Two Visions, Marcus Borg and N. T. Wright (New York: Harper San Francisco, 2000), 121–22.
  12. Paul Maier, In the Fullness of Time: A Historian Looks at Christmas, Easter, and the Early Church (Grand Rapids: Kregel, 1998), 180.

### **3-тарау**

#### **Қайта тірілудің дәлелдемелері**

1. Цицерон, V «Верреске қарсы».
2. Доктор Александр Метереллмен сұхбат кітапта жарияланған: Lee Strobel, The Case for Christ (Grand Rapids: Zondervan, 1998), 197–98.
3. William D. Edwards, Wesley J. Gabel, and Floyd E. Hosmer, «On the Physical Death of Jesus Christ», Journal of the American Medical Association 255, no. 11 (March 21, 1986).
4. Michael Green, Man Alive! (Downers Grove, IL: Inter Varsity Press, 1968), 33.
5. Gary R. Habermas, «Why I Believe the New Testament Is Historically Reliable» in Why I

- Am a Christian: Leading Thinkers Explain Why They Believe, ed. Norman L. Geisler and Paul Raymond E. Brown, *The Death of the Messiah*, vol. 2 (New York: Doubleday, 1994), 1240.
6. Raymond E. Brown, *The Death of the Messiah*, vol. 2 (New York: Doubleday, 1994), 1240.
  7. Will Durant, *Caesar and Christ* (New York: Simon and Schuster, 1944), 572.
  8. John Chrysostom, *Homilies of St. John* (repr., Grand Rapids: Eerdmans, 1969), 321.
  9. Рим армиясының маңыздылығы, әсіресе Иса Мәсіхтен кейін бірнеше ғасыр өмір сүрген ежелгі әскери тарихшы Флавий Вегетий Ренатустың жазбаларында ерекше атап көрсетілген. Вегетий Рим әскерінің жетістік құпиясын өзінің «Әскери істердің қысқаша мазмұны» трактатында ашады:  
 «Соғыста жеңу тек санға немесе батылдыққа ғана байланысты емес; шеберлік пен тәртіп қана оның кепілі болады. Біз римдіктердің... әлемді жаулап алуы тек әскери шеберлікке үнемі дайындықтан, өз лагерьлеріндегі тәртіпті қатаң сақтаудан және басқа әскери өнер түрлерінде шаршамай жаттығуда» дегеннен білдік.
  10. Archibald Thomas Robertson, *Word Pictures in the New Testament*, 6 vols. (Nashville: Broadman Press, 1930), 1:238–39.
  11. Paul Maier, «The Empty Tomb as History» *Christianity Today*, март 28, 1975, 5.

- 
12. George Currie, «The Military Discipline of the Romans from the Founding of the City to the Close of the Republic», Graduate Council of Indiana University көмегімен жарияланған диссертацияның үзіндісі, 1928.
  13. Bill White, A Thing Incredible: A Reassessment of the Resurrection Narratives in Relation to Holy Week and Israel (Israel: Yanetz Ltd., 1976).
  14. Michael Green, The Empty Cross of Jesus (Downers Grove, IL: InterVarsity Press, 1984), 22–23.
  15. Reginald H. Fuller, The Foundations of New Testament Christology (New York: Scribner's, 1965), 142.
  16. Hans von Campenhausen, «The Events of Easter and the Empty Tomb», in Tradition and Life in the Early Church (Philadelphia: Fortress, 1968), 44.
  17. C. H. Dodd, «The Appearances of the Risen Christ: A Study in Form-Criticism of the Gospels» in More New Testament Studies (Manchester, UK: University of Manchester Press, 1968), 128.

# МАЗМҰНЫ

|                                                              |   |
|--------------------------------------------------------------|---|
| МЕНИҢ ЖЕКЕ САЯХАТЫМ.....                                     | 3 |
| <i>Мәсіхшілікті жоққа шығарудағы күресім немен аяқталды?</i> |   |

## 1-тарау

|                                  |    |
|----------------------------------|----|
| ҚАЙТА ТІРІЛУ НЕГЕ МАҢЫЗДЫ? ..... | 10 |
| <i>Әлемнің жалғыз үміті</i>      |    |

## 2-тарау

|                                             |    |
|---------------------------------------------|----|
| ҚАЙТА ТІРІЛUDІҢ ШЫНАЙЫ БОЛҒАНЫНА            |    |
| ҚАЛАЙ КӨЗ ЖЕТКІЗЕ АЛАМЫЗ?.....              | 28 |
| <i>Бұл шындық па? Бұған сенуге бола ма?</i> |    |

## 3-тарау

|                                                      |    |
|------------------------------------------------------|----|
| ҚАЙТА ТІРІЛUDІҢ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРІ .....                  | 48 |
| <i>Иса шынымен өліп, жерленіп, қайта тірілді ме?</i> |    |

## 4-тарау

|                                        |    |
|----------------------------------------|----|
| ЕНДІ ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТУІМІЗ КЕРЕК? ..... | 80 |
|----------------------------------------|----|

|                       |    |
|-----------------------|----|
| АВТОРЛАР ТУРАЛЫ ..... | 87 |
|-----------------------|----|

|               |    |
|---------------|----|
| ЕСКЕРТПЕ..... | 89 |
|---------------|----|